Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№14 (551)
4 сәуір,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

● 1 сәуір – Күлкі күні

Сыр сатирасының
САЛМАҒЫ ҚАНДАЙ?

Сатираның сайыпқыраны атану – екінің біріне бұйыра бермейтін бақ. Себебі бұл жанр – ой-шұқыры көп, қалтарыс-бүкпесі мол, тіпті дау-дамайлы дүние. Қиын болған соң да, Сыр елі түгілі Қазақстандағы сатириктер саны саусақпен санарлық. Тиіп-қашып күлді-көмеш шатпақ жазып жүргендердің бәрі бірдей сатирикке есептелмейді, санға кіргенімен сапада жоқ. Ал Сыр сатирасының сардары Асқар Тоқмағамбетовтен соң күлкі керуеніне тоқшылық сыйлаған кім бар? Осы сауалға жауап іздеп көрдік.

Ойлы оқырман мен көрерменнің бүгінгі сатира әлемінен Қалтайдың қағытпа қалжыңын, Уайдиннің уытты тілін, Оспанханның осып түсер сарказмын, Шонаның шақпа әзілін іздеп жүргені жасырын емес. Қазіргі сатира қоғам өмірінің ділгір мәселесін, адам табиғаты мен мінез-құлқының ұңғыл-шұңғылын, көз шала бермейтін қия беткейін ашып, аршып, көрсетіп беруге қауқарлы ма? Сатираның бет-бейнесі, бағыт-бағдары қаншалықты өзгерді? Бұл сауалдарға сатира саласында сөзінің салмағы бар мамандар үн қатты.

3

Алдар көсе
Сурет ашық дереккөзден алынды

Киноның сәтті шығуына әсер ететін фактор —
СЦЕНАРИЙ МЕН СЮЖЕТ

Жамал Жақсытай – кинопродюсер әрі сценарист. Ал журналистік қабілеті салмақты сөз сөйлеп, тартымды туынды түсіруге сеп. Жанкешті жұмыс істейтін маманның әр телехикаясы көп көңілінен шығып, оң бағасын алуда.

– «Пьеса – құндақтаулы сәби. Оның қандай азамат болып өсіп шығары режиссерге байланысты» дейді А.Сүлейменов. Расымен, кім де болсын шығармасын баласындай көреді. Ал сценарист ретінде не айтар едіңіз? Жазылған сценарийге жан бітіретін кім немесе не нәрсе?

– Жазылған сценарийге жан бітіретін – режиссер. Көп жағдайда кино саласында режиссер мен сценаристі бірге белгілеп, қос маман байланыста болады. Бірақ қанша жерден режиссер мықты түсіргенімен, сценарий мардымсыз әрі осал болса кино сәтті шықпайды. Альфред Хичкоктың «Ұлы фильм жасау үшін үш нәрсе керек: сценарий, сценарий және тағы да сценарий» деген сөзі бар. Демек киноның сәтті шығуына әсер ететін негізгі фактор – сценарий мен сюжет. Өнімнің 80% жақсы шығуына сценарий маңызды. Ал қалған 20%-ы режиссер, актер, костюмер, оператор және шығармашылық командаға байланысты.

8-бетте

Туған топырақ табаным тигенде
ЖЕР БЕТІНЕ ШЫҚҚАНДАЙ СЕЗІНДІМ

Хал Мохаммад Исмайл – қазақ баласы. Елге елпеңдеп келген ұлдың аңғал көңілін, ақ пейілін байқадық. Қос мемлекетте қатар өмір сүрсе де ұлттық болмыс өн бойында, сөйлеген сөзінде сайрап тұр. Әсіресе қазақ тілін ұмытпағаны қуантты.

– «Білім инемен құдық қазғандай» дейміз. Қазақстанға келіп оқуға шешімді қалай қабылдадыңыз? Қандай да бір кедергі кездесті ме? Қызықты естелікпен де бөліссеңіз...

– Негізі Сауд Арабиясында туып-өстім. Қазіргі таңда отбасым Түркияда тұрады. Тарихи Отанымма оралып, білім алу мен үшін үлкен арман болды. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ осы арманым алға жетеледі. Қазақстанға келуім үшін айтарлықтай кедергі болған жоқ.

3-бетте

БІЛЕКТЕГІ КҮШІМЕН ЖҮРЕКТЕГІ НАМЫСЫ ҰШТАСҚАН

7

ЖАННА ІЗТІЛЕУОВА:
«ҮШТІЛДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖИНАҒЫН АЛҒАШҚЫ БОЛЫП ЖАСАДЫМ»

Гуманитарлық саланың дамуы – басты назарда. «500 ғалым» жобасы аясында Ұлыбританияда тағылымдамадан өткен жас ғалым, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Жанна Ізтілеуова шетел тәжірибесін зерттеп, оқу процесіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуде.

– «500 ғалым» жобасы аясындағы тәжірибе алмасу қандай нәтиже әкелді? Қай тақырыпта зерттеу жүргіздіңіз?

– Ұлыбританияның Уорик университетінде 3 айлық тағылымдамадан өту барысында ғылыми бағытта зерттеумен айналысып қана қоймай, академиялық білім беру процесіндегі ерекшеліктерімен таныстым. Бұл сапар ғылыми және академиялық бағытта тәжірибе жинақтауға мүмкіндік берді.

Жоғары оқу орнында ағылшын тілін оқыту, білім алушыларға шетел тілін EMI, STEM және CLIL әдістері бойынша үйрету технологиясын игердік.

5-бетте

ЕКІ ҚОЛҒА ТАБЫЛМАҒАН БІР КҮРЕК

Қызылорда облысында өткен жылы 16,5 мыңды құраған жұмыссыз санатындағы адамдардың саны биыл 24 мыңнан асты. Ал республика бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құраса, жастардың үлесі 3,5 пайызға жеткен. NEET жастарының көбеюіне не себеп? Мемлекеттік бағдарламалардың әлсіздігі ме, әлде жастар секторының салғырттығынан ба?

– Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді, – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында.

Осыған орай, «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде облыс көлемінде 15305 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда.

Осы жылдың I тоқсанында Мансап орталықтары филиалдарына 28597 адам жұмыспен қамту мәселелері бойынша хабарласқан. Оның ішінде 35 жасқа дейінгі жастар саны 10852 адамды құрайды. «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйелеріне жұмыс іздеуші ретінде 27990 адам тіркелсе, оның 33,9 пайызы жастар.

2-бетте

Басы 1-бетте

ЕКІ ҚОЛҒА ТАБЫЛМАҒАН БІР КҮРЕК



Жаһандағы жұмыссыздық

Жұмыссыздық – қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуына әсер ететін жаһандық проблема. 10 жыл бұрынғы әлемдегі ахуалды сараптасақ, еуроаймақтағы 17 елдің жұмыссыздық деңгейі 12 пайызға жеткен. Испанияда 25,8, Грекияда 27,8 пайызды құраған екен.

Халықаралық еңбек ұйымының болжамы бойынша өткен жылы әлемде жұмыссыздар саны 3 млнға өсіп, 208,2 млн адамды құраса, ал биыл 210,9 млн адамға дейін ұлғаймақ. Сандарды ортаға салғанда, жазуға да, оқуға да дәтің бармайды. Хош. Әлем болып миллиондаған жұмыссыздардың көлемін белгіледік. Келесі қадам қандай болмақ?

Балық берме, қармақ бер

Биыл республика бойынша бір айдың ішінде 12-29 жас аралығындағы 1,6 мың адам қылмыстық құқық бұзушылық жасаған. Оның ішінде 120 жасөспірім кәмелетке толмаған, 349 адам 18-20 жас аралығында, қалғаны 21-29 жас аралығында. Байқағанымыздай, құқық бұзушылық бойынша жастар секторының өкілдері тіркелген. Бұл жастардың уақытын тиімсіз пайдалануының әрі жұмыссыздықтың салдары екені белгілі. Бұзақылыққа бейім жастарға «қармақ» берілсе, пайдалана ма?

Халық, оның ішінде жастарды жұмыспен қамтуда әр елдің өзіндік тәжірибесі бар. Аймақта жұмыссыздықты азайту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда. Бірі де бірегейі – «Жастар практикасы». 4 жыл ЖОО қабырғасында білімге көңіл бөлмей, екі қолына смартфон ұстаған студент бір мезетте дипломы бар, жас маманға айналады. Бірі кәсіби мансабына көңіл аударса, екіншісі шағымын айтып, дипломын шаң басқанша жүре бермек. Осы орайда еңбек өтілімін қажет етпейтін бағдарламалар көмекке келеді. Әрине мемлекет берген «қармақты» оңтайлы пайдалана алса.

Ұрпақтар келісімшарты

Жобаның мақсаты – жұмыссыз түлектерді кәсіби мамандығы немесе ұқсас кәсіп бойынша 6 ай мерзімге жұмысқа орналастырып, кейіннен жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша әлеуметтік кодексте бекітілген зейнеткерлік жасқа толған, жұмыс істеп жүрген жұмыскермен алмастыру. Жобаға қатысу кезеңіндегі ай сайынғы жалақы мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Аталған жобаға жұмыссыз ретінде тіркелген, жасы 35 жастан аспаған, жоғары оқу орнын бітірген жастар қатыса алады. Облыс бойынша осы жылы «Ұрпақтар келісімшарты» аясында 30-ға жуық жасты жұмысқа орналастыру жоспарлануда.

Алғашқы жұмыс орны

Жастардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін, еңбек дағдыларын арттыру және жұмыс орнында бейімдеуді қамтамасыз ету мақсатында «Алғашқы жұмыс орны» жобасы іске асырылуда. 35 жасқа дейінгі жұмыссыз жастарды кәсіби немесе ұқсас мамандығы бойынша жұмысқа орнына орналастыруды ұйымдастырады. Қатысу ұзақтығы – 18 ай. Бұл кезең азаматтың еңбек өтіліне есептеледі және сұраныс негізінде жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 12 айға тұрақты жұмысқа орналастыру мүмкіндігі қарастырылған. Жоспар бойынша 300-ге жуық жас жұмысқа тұрмақ.

Бастамаларды қолдау

«Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету қажет. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 проценттік шағын несие беріледі». Халыққа арналған Жолдауында түйткілді мәселелерге тоқталған Мемлекет басшысы осылай деді.

Қызылорда бойынша өткен жылы жастарға арналған жеңілдетілген несие бойынша 457 адамға 2 млрд 285 млн теңге көлемінде қаржы қаралды. Одан бөлек, халықтың осал топтарына жататын жұмыссыздарға жаңа бизнес идеяларын дамытуға арналған 1556 мемлекеттік грант беру жоспарлануда. Облыс бойынша соңғы 3 жылдың ішінде 8787 адам өз кәсіпкерлік бастамаларына мемлекеттік қайтарымсыз грант алған. Бағдарлама аясында 54,3 пайызы мал мен құс шаруашылығына, 23 пайызы еңбек құралдарына, 21,6 пайызы технологиялық жабдықтарға, 1,1 пайызы өзге сала түрлерін құрайды.

Қармаққа балық ілінді ме?

Өткен жылдың шілде айынан бастап грант иеленгендерге арнайы мониторингтік жұмыстар жүргізілді. Мониторинг барысында 727 грант алған кәсіпкерлік субъектісі қамтылып, нәтижесінде 67 грант алушының ісі мақсатсыз пайдаланғаны үшін сотқа жолданған.

– Бұдан бөлек, басқарма тарапынан облыстық мемлекеттік кірістер органдарымен бірлесіп сырттай талдау барысында берілген 8787 грант алған кәсіпкердің 52,4 пайызы кәсіпкерлігін жауып тастаған, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Жұмабекқызы.

Ал бағдарламаларға келсек, жастар тәжірибесіне 434, әлеуметтік жұмыс орындарына 45, «Алғашқы жұмыс орыны» жобасына 34, «Ұрпақтар келісімшартымен» 4 жас жолдама алған. Мүмкіндіктерді тиімді пайдалануда 334 жас «Электронды еңбек биржасы» порталы арқылы онлайн-оқудан өтсе, 198 жас «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқуға жолданған.

Қызылорда облысында 13 383 субсидияланатын жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздарды уақытша негізде жұмыспен қамту жоспарланған. Бүгінде жалпы 9485 азамат субсидияланатын жұмыс орындарында жұмыс істеуде. Оның ішінде 35 жасқа дейінгі жастар саны – 2950 адам.

Бірлескен жұмыс

Жұмыссыз жастарды ақпараттандыру мақсатында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Еңбек мобильділігі мен мансап орталықтары тұрақты түрде бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін ұйымдастырады. Жыл басынан бері 16 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілген. Онда 211 жұмыс берушіден 952 бос жұмыс орны ұсынылып, жәрмеңкеге қатысқан 1002 жұмыссыздың ішінен 316 адам тұрақты, 29 адам уақытша жұмысқа орналастырылды. Жәрмеңке арқылы жұмыспен қамтылғандардың 78,7 пайызы жұмыссыз жастардың үлесінде. Бұған қоса, 2023 жылдың тамыз айынан бастап tanda.enbek.kz платформасында бос жұмыс орындарының онлайн жәрмеңкесі ұйымдастырылған.

– Жастарды жұмысқа орналастыру бойынша орталық тарапынан бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылады. Мәселен, ай сайын бос жұмыс орны жәрмеңкесі өтеді. Жазғы маусымдық кезеңде қала және қалаға қарасты округтермен, кенттерде де тұрақты түрде ұйымдастырылады. Шаралар туралы ақпараттандыру алдымен әлеуметтік желіде белсенді жүреді. Мамыр айында ақпараттық жұмыстар қарқынды ұйымдастырылады. Себебі осы кезеңде университет пен колледж студенттері жас маман атанады. Сонымен қатар «jumys.bar» деген қосымша әлеуметтік парақша жүргіземіз. Қазіргі актуалды, сұранысқа ие вакансиялар жарияланады, – деді «Qosyl» қалалық жастар ресурстық орталығы жетекшісінің міндетін атқарушы Медет Жорабек.

Сыр өңірінде жоғары оқу орындары аз. Саусақпен санарлық білім орындарында жыл сайын мыңдаған жас маман даярланады. Ал сол мамандардың жұмысқа орналаспау, кәсіби мамандығымен жұмыс істемеуі, әрине, адами факторларға байланысты. Алайда білім ордасындағы білім сапасының да рөлі бар екенін ұмытпаған жөн. Дейтұрғанмен, жұмыссыз жастардың проблемаларын мамандар ұсынылған жалақымен келіспеушілік, еңбек жағдайларымен және жұмыс берушілер тарапынан ынталандырудың болмауы, еркін жұмыс кестесімен табыс табуға ұмтылумен байланыстырады. «Екі қолға – бір күрек» табылмауын тек бір тараптың шикілігі деу қиын.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №411 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 ақпандағы №03-01/98 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі Назтаев Табиғат Жеңісбекұлының Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Мұстафа Шоқай көшесі, №164 А үй мекенжайындағы жеке тұрғын үй құрылысы үшін көлемі 700,0 (жеті жүз) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-045-3200 жер учаскесінің астынан ауыз су құбырының жүргізілуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 2 шілде болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43 ғимарат, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі меншік иесін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкім С.Қожаниязов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №412 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 28 қарашадағы №08-01/1032 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы «Өгем» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Шахмардан Есенов көшесі, нөмірсіз мекенжайындағы аяқ-киім жөндеу шеберханасы үшін көлемі

96,0 (тоқсан алты) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-043-1464 жер учаскесін квартал аралық жол түсуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 2 шілде болып белгіленсін.

3. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43 ғимарат, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік емес жер пайдаланушыны ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі С.Қожаниязов

Қызылорда қаласына алғаш келгендер көше тазалығына таңдана қарайтыны рас. Күл-қоқысы тазарған, түбі ақталған ағаштар мен жол жиегіне отырғызылған әсем гүлдер. Бұл – Қызылорданың көркем бейнесі.

Тазалық – мәдениеттің өлшемі

Адам баласы әсемдік пен әдемілікті жаны қалайтыны анық. Осы ретте Ақмешіттің таза қалалар тізімінің алдыңғы сапында екені қуантады. Бүгінде қоғамда көтеріліп жүрген көптеген түйткілді мәселелер шешімін тапқан. Қала көшелері тегістеліп, жарықтандырылып, жол жиегін бойлай ағаштар мен гүлдер егіліп, абаттандырылып жатыр. Жаңадан ғимараттар бой көтеріп, қалаға көрік беріп тұр. Сырдария өзенінің сол жағалауы да үлкейіп, дамып келеді. Қоғамдық көлік мәселесі де жолға қойылып, өткен жылмен қоса алғанда қаламызға 150-ге тарта жаңа автобус әкелінген. Сонымен қатар қала тазалығын қамтамасыз етуде жүйелі жұмыс атқарып келе жатқан «Қызылорда тазалығы» мекемесіне қарасты жүк көліктері

де жаңарған. Өткен жылы мекемеге облыс әкімінің қолдауымен 20 дана арнайы техника алынған. Оған облыстық бюджеттен 742,8 млн теңге бөлінген. Қажетті техникалармен қамтамасыз етілген серіктестік қызметкерлері тәулік бойы тазалық шараларын жүргізіп, халықтың ықыласына бөленуде.

Бұдан бөлек, қала тазалығын сақтау үшін облыстың қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында жыл сайын «Жасыл ел жастарды көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына тарту» жобасы жүзеге асырылып келеді.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағының мақсаты – жастарды тек қана еңбекке баулу емес, сонымен қатар жастар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, жастардың табиғатқа қамқорлықпен қарауын, өзінің жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Бұл ретте, туған өлкемізді көркейту, көгалдандыру жұмыстарына жыл сайын 1000-нан астам жас үлес қосып келеді.

Аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендердегі әр түрлі санаттағы жастар, оның ішінде оқушы, студент және жұмыссыз жастар бағдарлама мүмкіндігін кеңінен пайдалануда.

2024 жылы әлеуметтік жоба арқылы маусым-тамыз айларында 16-35 жас аралығындағы түрлі санаттағы 1200 жас маусымдық жұмыспен қамтылып, 100 мың теңге мөлшерінде еңбекақысы өтелген.

Сонымен қатар «Жасыл ел» еңбек жасағының облыстық штабының жұмысын ұйымдастыру үшін 8 маман 5 айға жұмысқа қабылданбақ.

Айта кету керек, өткен жылы жоба аясында 1871 жас маусымдық жұмысқа тартылған. Оның ішінде 15%-ы (280) жұмыссыз жастар болса, қалған 85%-ы (1591) оқушылар мен студенттер.

Жасылелдіктермен 12 гектар аумақ тазаланып, 4 мыңға жуық ағаш отырғызылған. Облыс көлемінде орналасқан 118 мәдени-демалыс орындарында (аллея, сквер, алаңдар, парктер) көгалдандыру жұмыстары жүргізілген.

Қала тазалығына ел болып, қоғам болып атсалысуымыз қажет. Қала тазалығы әрбір тұрғынның ауласынан басталады. Осы ретте қызылордалықтар өз аумағына жасыл-желек отырғызып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізгені жөн. Қоғамдық орындарда да қала тазалығын сақтайтын жандардың еңбегін еш кетірмеу үшін, көшеде жүру әдебін сақтау керек. Жаздың аптап ыстығымен, қыстың қақаған суығында да тынбай жұмыс істейтін тазалық қызметкерлерінің еңбегі ерен.

Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

Басы 1-бетте

СЫР САТИРАСЫНЫҢ САЛМАҒЫ ҚАНДАЙ?

– Әзіл-сықақ театрлары қысқа әзіл емес, басы бар, аяғы бар спектакль, комедия қойса деймін. «Шаншар», «Алдараспан», «Шымкент-шоу» жігіттері Шымкентте сатира театрларын ашып алған. Айлықтарын алады, спектакль қояды, концерттік қойылымдарына да шығып тұрады. Сол сияқты «Сыр әзілі» театрыда комедиялық спектакльдерде ойнаса, ел араласақ деген ойдамын.

Марқұм Якуда, Бақтиярдың орны бөлек. Бала кезімнен қасымда болып сахнада бірге ойнаған, артық сөз айтқызбай ыммен түсінісетін. Сахнада импровизацияны жақсы қолданып, әзілден ауытқымай ойнайтын жолдастарым еді, орны әрдайым үңірейіп тұрады. Қазір театрда Ақсамал, Данияр, Бауыржан, Еркін, Қуаныш секілді балаларым бар. Сыр әзілінің деңгейі төмендеді деп айта алмаймын, тек жазатын автор жоқ. Нұрлан Көбегенұлы жазып беріп жүр, көбінесе әкімдер жайлы жазады. «Театрда «Сыр әзілін» енді бастап жатқаннан кейін әкімдерге, депутаттарға тиіспей-ақ қойсақ, аяққа тұрып алғаннан кейін ойнасақ» деп Нұрекеңе айттым. Жанымдағы балалардың спектакльден қолдары босамай қалады. Әйтпесе тек «Сыр әзілімен» айналыссақ, неше түрлі дүниелер жасауға болатын. Орынбасар ағамыз жазатын еді... Бізде әзіл жазатын адам аз, жазса да қаржы сұрайды. Қаржы беретіндей концерт қойып жатқаным жоқ, қайдан тауып беремін, – дейді «Сыр әзілі» әзіл-сықақ отауының көркемдік жетекшісі Серік Төлепов.

Оған қоса Серік аға қалың көрерменді 11 сәуір күні сағат 19:00-де өтетін «Сыр әзілі» әзіл-сықақ отауының жаңа концерттік бағдарламасын тамашалауға шақырды.

Осы тұста Толымбек Әлімбек ағамыздың бір сөзі есіме түсіп отыр. Ол: «Қазақ сатирасында қазір памфлет, эпиграмма, фельетон жоқ. Бұрын астарлап, осы жанрға салып, памфлет жазатын. Бүгінде астарлау дегеніңіз ұмыт қалған соң, ол жанр да жоғалды. Осы бағыттағы басқа жанрлар сол памфлеттердің міндетін атқарып жатыр. «Ара» деген журнал шығатын. Онда фельетондар жарияланатын, оны тексеретін облыстық партия комитеті, атқару комитеттері мен министрліктер жауап беретін. «Ара» да жабылды, бәрі ұмытылды. Қалтай Мұхамеджановтың «Ара» жабылғаны – қазақтың қара жамылғаны» деген қанатты сөзі бар еді. Сол сөз бүгінге дәл келіп тұр» деген болатын.

Салыстырмалы түрде қарағанда «Сыр әзілі» КТА мен «Жайдарманның» деңгейінен аса алмай, күлкіміздің өзі күлкіге қалып жатқандай.

– Біз қазір Сыр сатирасының ішкі мазмұнын емес, тек сыртқы «склетін» ғана көріп жүрміз. Екі жағымыздағы көрші Түркістан және Ақтөбе облыстарымен салыстыра қарасақ, Сыр сатирасының деңгейі төмен. Олар қоғамдағы келеңсіз оқиғаларды дер кезінде сатира тілімен, қойылым етіп халыққа ұсынып жатады. Ал бізде мұндай белсенділік жоқ. Тіпті, ынта да көрінбейді.

Күлкі күні Қызылордада адам қызығатындай керемет тойланып көрген емес. Халық мерекені сезінбейді. Түрлі байқаулар, шаралар оқтын-оқтын өтіп жатады. Ал сатираға келгенде қаржы мен қолдаудың жоқтығынан үнсіз ғана бұл күнді аттап өтеміз. Қалаға қарағанда аудандар белсенділік танытып, хал-қадірінше атап өтіп жатады. Осы орайда «Сыр әзілі» әзіл-сықақ отауының жұмысын жандандыру керек. Юмор арқылы күлдіріп, сатира тілімен сынап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленгенге не жетсін?!

Бірақ бізде жеңіл-желпі қойылымдар қойылып келе жатқанын жасыра алмаймын. Халық саяси әзілдерді көріп, демалғысы келеді. Бірақ саяси интермедияға Сыр сахнасы бара алмай тұр. Шығармашылық ұжымдар саяси қалжыңдарды сахнаға алып шыға алмай жатыр. Әйтпесе қозғайтын тақырып та, кейіпкер де көп. Соңғы жылдары Қызылорда қаласында «Мереке думан» әзіл-сықақ отауы жаңаша қадамдарға барып, көрерменге ой салатын қойылымдар қойып жүр, – дейді сатирик Нұрлан Нұрмаханов.

Осы тұста қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар директоры Эльмира Қанатбаевадан «Мереке-Думан» халықтық әзіл-сықақ отауының шығармашылық жұмысы туралы да білдік.

– «Мереке-Думан» әзіл-сықақ отауы 35 жыл бұрын көркемөнерпаздардан құралған. Отыз жылдығы үлкен масштабта атап өтіліп, республикалық деңгейде байқау ұйымдастырылды. Жылына екі концерттік бағдарлама дайындап, халыққа ұсынады. Көркемөнерпаздардан құрылған бұл отау кәсіби театрлардан кем емес, – деді ол.

– Былтыр 22 сәуірде «Кореядағы қазақтар» жобасы таныстырылды. Бұған қоса, Шиеліде өткен дәстүрлі әзіл-сықақ байқауына қатыстық. Қазіргі таңда Тараз қаласында өтетін республикалық байқауға «Біз осы үйдің келіні боламыз» атты әзілімізді дайындап жатырмыз, – деді «Мереке-Думан» халықтық әзіл-сықақ отауының артисі Мейрамбек Нұртаза.

Ұққанымыз, сатира жазу кім көрінгеннің қолынан келе бермейтін іс. Сахнадағы әзілкештер де өздерін сатирикпіз дей бастаған еді, олар жай ғана қылжақбастар екен. Ағылшынның «қара юморы», французның «сергек әзілі», орыстың «өткір әжуасын» әлем біледі. Қызылордаға қазақы қалжың, қазаққа ғана тән юмор қайтып келеді деп сенеміз.

Күлкі күні құтты болсын!

Айдар САЙЛАУОВ

Театр – өлмейтін өнер, өшпес із

Өнердің түр түрі болса, театр сол өнерлердің ішінде ең киелісі, қадірлісі. Театрдың тарихы тереңде және әр заманда жоғары бағаланады. Қазақ сахнасының да қазаны қайнап, көрермені жыл санап артуда.

Өткен жылы Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық Қазақ академиялық музыка театры айрықша қойылымдардың премьерасын халыққа ұсынды. Үсен Рамазанның режиссерлық бастамасымен «Шырмауық» атты Ахмет Ақмоншақтың психодрамалық моноспектаклі көрерменге жол тартты. Театрдың репертуары өзге де қойылымдармен толысып, балаларға арналған жаңа спектаклдерін паш етті. Атап өтсек, Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдық мерейтойына орай «Жәмила» драмасы, Оңталап Нұрмахановтың «Көрғұлы» рухнамасы, Ақберген Елгезектің «Болмаған балалық шақ» драмасының премьерасы халық назарына ұсынылды. Алтын қор тек бұл қойылымдармен толығып қоймай, Сыр сахнасында басқа да спектакльдердің тұсауы кесілді. Сәуір айының 4-і Н.Баймаханның «Үйлену оңай...» атты ерекше форматтағы спектаклі халыққа жол тартады. Сондай-ақ театр балаларға арналған Е.Шварцтың «Күлше қыз» атты қойылымын тамашалауға шақырады.

– Театр өнері нақты пайда табуға бағытталған сала емес. Тазалықты, шынайылықты талап ететін ерекше дүние. Дүйім жұрттың алдында белгілі бір рөлді сомдап шығу үлкен жауапкершілік. Бізде қазір жастар да бар, оларға бағыт-бағдар беретін орта буын да бар. Барлығы да осы бір өнерге адал болып, ел-халықтың алдында жоғары деңгей көрсетуде. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей ізімізді басып келе жатқан жастардың әр жетістігіне тілекші болып, қуанып отырамыз, – деді режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хұсейін Әмір-Темір.

Көрерменнің көңілін толқытып, ойға жетелеген қойылымның бірі – «Болмаған балалық шақ»

– Өзіме ұнайтын бірнеше рөлдерім болды. Онымен қоса сомдағым келген өзге де образдар аз емес-ті. Ал тосыннан ұсыныс түсіп, актерлық мансабымда маған қатты жақын болған кейіпкер Ақбергеннің рөлінде ойнау бұйырды. Лезде образды барынша ашу үшін кейіпкерімді «оқи» бастадым. Процесс барысында бұл баланың жан дүниесіне үңіліп, оның бастан кешкен тағдырын өз өмірімде өткізе бастағандай сезіндім. Табиғатынан ерекше Ақбергенге жаным ашып, көрген қиыншылығын мейлінше халыққа жеткізгім келді. Шынымды айтсам, «сахна әртістері образдан шыға алмай қалады» деген ұғымды осы кезде бастан кешкендей болдым. Бұл драманың қойылымы бірнеше айлар бұрын өтіп кетсе де, кейіпкерімді әлі күнге дейін сезінемін. Қорғағым келетін інім секілді. Ал спектакльді сахналайтын сәтте сол інімнің артына тұра қалатындаймын, – дейді «Болмаған балалық шақ» драмасының басты кейіпкері, актер Ердәулет Мәму.

Облыстық театрдың биылғы жоспары – «Сыр әзілі» әзіл-сықақ бағдарламасының тұсауын кесіп, халыққа ұсыну. Сондай-ақ театр ұжымы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында шығармашылық тәжірибе алмасуды жоспарлап отыр. Театрдың жаңа репертуарымен Алматы, Байқоңыр қалалары және ауылдарға гастрольдік сапарға аттанбақ.

Оңталап Нұрмахановтың бастауымен 2016 жылы «Жастар театры» құрылып, үйірме ретінде жұмыс істеп келді. 2024 жылдан бастап кәсіби театр ретінде өз жұмысын бастады. Мұндай театр еліміздің тек бірен-саран аймақтарында ғана бар. Бүгінде театр ұжымы халық арасында тағылымы терең спектальдерді сахналап жүр. Жастар театрының ұжымы республикалық, облыстық, қалалық дәрежеде өнер көрсетіп, беделді марапаттарды иеленді. Ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап жаңа өнер ордасының директоры Нұрмат Мансұров болып тағайындалды.

– Жалпы Қазақстанда 5 мыңға тарта ауыл болса, оның 4 мыңға таяуында мәдениет үйі бар. Ал айналасы 70-ке жетер-жетпес театр бар. Бұл театр жұмысының ауырлығын, театрды құрудың қиындығын білдіреді. Осы бір ауыр міндетті қолға алуға бел буған Қызылорда қаласының жастары да үлкен жолға түсті. Енді-енді бастап, жүргелі тұрған жұмыс жетерлік.

Бізде шешілмеген мәселе көп. Солардың ең үлкені – актерлық құрам құру. Қазір біз осы аталған актерлар труппасын құру үстіндеміз. Бұрын ұжым мүшесі болған жастар қазір өзге театрларда. Солардың орнын толтыру үшін жаңа жас таланттарды іздестеріп жатырмыз. Бізде аймақ берген штаттық мүмкіндіктер бар. Сондықтан актерлықты оқып жатқан студенттерге агитация жұмыстарын жүргізудеміз.

Жас театр екенбіз деп қол қусырып отырған жоқпыз. Ақпан айында «Оң қол» атты Т.Әбдіктің үлкен шығармасын сахналадық. Қағазға сөзін түсіріп, сценарийін жазған Жастар театрының жас драматургі Нұрдәулет Баймахан. Ал режиссерлық шешімдермен толықтырған Берік Ахмет. Қойылымның тақырыбы ауқымды болған соң, «автордың ойынан тайқыды» деген секілді сыннан қашып құтылмадық. Десек те, режиссер мен драматургтің қызметі – туындыны өзіндік идеямен ерекше етіп, көрерменге айрықша етіп ұсыну. Албырт пікірлерге қарамастан, қалың халық «Оң қол» қойылымының тағы да сахналануын асыға күтуде. Бұл шығарма заманның шындығы болған соң көрерменнің құрметіне ие болды.

Гастрольдік сапарлар туралы айтар болсақ, іргемізді нықтап, қазығымызды нық қаққан соң, алдағы уақытқа жоспарлап отырмыз. Ол күннің де ауылы алыс емес. Биыл аймаққа қарасты ауылдарды аралап, өнер көрсеткіміз келеді, – дейді Жастар театрының директоры Нұрмат Абдоллаұлы.

Университет қабырғасында жүрген жас шәкірттер де өнерден қалыс емес. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері де көрерменнің сүйіктісіне айналып үлгерді. Университет жанынан құралған «Жауқазын» студенттік жастар театры бірнеше спектальді сахналап, көптің қошеметіне ие болып жүр. Студенттік театр бүгінге дейін Мұқағали Мақатевтың «Қош, махаббат» драмалық поэзиясын сахналап, сонымен қатар Әбіш Кекілбаевтың «Махаббат мұнарасы» атты шығармасы, Исраил Сапарбайдың «Сыған серенадасы» музыкалық спектаклі халыққа жол тартты. Көпшіліктің ілтипатына бөленген қойылымдар әрбір студенттің театрға деген қызығушылығын арттырды. 2024 жылдың ақпан айында «Шәмші сүйген Изольда», наурыз айында «Қаракөз» трагедиялық спектакльнің тұсауын кесіп, студенттік театрдың алтын репертуары жаңа қойылымдармен толысуда.

– Қазір студенттік театр қарқынды жұмыс істеуде. Жылына 2 рет кастинг өткізіледі, ал ұжымда 30-дан астам адам бар. «Жауқазын» театрының ең алғаш жасақталған командасы әлі күнге дейін шашырамаған. Тек қана университет қабырғасындағы шәкірттермен шектеліп қоймай, колледж, мектептерден үйірмемізге мүшелік ететіндер бар. «Жауқазынға» қызығушылық танытқан барша жанға театр мүшесі болуға мүмкіндік бар.

Аға-буын өкілдері облыстық драма театрдың барлық спектакльдерін үзбей көріп, тәжірибе жинақтап, шыңдалуға тырысамыз. Сондай-ақ театрымыздың әрбір мүшесі ізденіс үстінде жүреді. Ән, би, қойылым, концерттік киімдерге дейін ұқыптылықпен қарап, сахна мәдениетін тереңінен ұстануға бейімбіз. Алдағы уақытта арнайы мамандармен біріге жұмыс істеуді жоспарлап отырмыз, – деді «Жауқазын» студенттік жастар театрының төрағасы Ақниет Мәулен.

Қазақтың киелі сахнасы ешқашан қадірін жоғалтпайтыны анық. Ұлттық өнерімізді ұлықтап жүрген сахна саңлақтарына шығармашылық табыс тілей отыра, төл мереке – театр күнімен құттықтаймыз!

Нұршат НЫШАНОВА

Басы 1-бетте

Туған топыраққа табаным тигенде жер бетіне шыққандай сезіндім

– Қазір қай мамандық бойынша оқып жатырсыз? Қызылорда сізді қалай қарсы алды және университет берген мүмкіндік қандай?

– Медицина саласын, соның ішінде тіс дәрігері мамандығын таңдадым. Қазақстандағы қандастарға арналған тегін мемлекеттік грант негізінде оқуға тапсырдым. Таңдау пәнім – химия-биология және міндетті 3 пән бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалып жатырмын. Яғни дайындық курсында білім алудамын. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы алғашқы келген күнімнен бастап өте жақсы қарсы алды. Әрбір маманға ризашылығымды білдіремін. Университет тарапынан берілген мүмкіндік көп. Жатақханамен тегін қамтамасыз етті. Сондай-ақ басқа өңірлерге қарағанда шәкіртақысы жоғары. Ай сайын 46 мың теңге аламыз.

Қорқыт ата университетінде шетелдік білім алушыларды дағдыландыруға, ортаға бейімдеуге арналған іс – шара жоспары бар. Соның аясында шетелден келген қазақ балаларының «Otandastar» атты жастар ұйымы құрылған. Университетте оқып жатқан барлық қандастардың басын біріктірген ұйым әр мереке сайын іс – шара өткізеді.

Бос уақытта әңгімелесіп, қыдырып, кино көріп, келген елдердің ұлттық тағамдарын дайындаумен айналысамыз.Бірге оқып жатқан қандас бауырларымнан байқайтыным, Қазақстанға келіп оқудағы басты мақсаты – Отанға оралу.

– Көп жағдайда тіл меңгеру, жазу оңай болмайды. Отанға оралған соң тілдік қиындықтар болды ма? Жалпы Сауд Арабиясында ана тіліміз оқытыла ма? Қанша қазақ мектебі бар?

– Арабияда қазақ мектебі жоқ. Бірақ үйде бір-бірімізбен қазақша сөйлескендіктен, сөйлеу жағынан қиындық болмады. Алайда 12 жыл мектепті араб тілінде оқып, Қазақстанға алғаш келгенде оқып-жазу жағынан сәл қиындық туындады.

– Тамырда қазақ қаны бүлкілдеп жатқан соң, өнерден қалыс қалуыңыз мүмкін емес шығар. Домбыра тарту, ән айту сынды қабілетіңіз бар ма? Шетелдегі қандастар салт-дәстүрді қаншалықты сақтап, ұлттық құндылықты ұлықтайды?

– Ауғанстандағы қазақтардың тыныс-тіршілігінен хабарым аз. Өйткені азаматтығым Ауғанстанда болғанымен, ес білгелі Сауд Арабиясында оқып, арабша хат таныдым. Арабияда қандастар негізі салт-дәстүрді жақсы сақтап қалған. Қазір Қызылорда қаласында білім алудамын. Жатақханада бірге тұратын Қытайдан, Өзбекстаннан келген топтастарым домбыра тартып, ән айтады. Олардың өнерге құлшынысы зор. Өзім спортқа бейіммін. Сонымен қатар Өзбекстан және Моңғолиядан келген қазақ бауырларымыз салт-дәстүрді берік ұстанады.

– Елге табаныңыз тигенде қандай сезімде болдыңыз? Сіздегі сағыныш сыры мен сазы қандай?

– Туған топыраққа табаным тигенде кәдімгідей өзімді жер бетіне шыққандай сезіндім. Ішімдегі қуаныш пен жүрегімдегі толқынысты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ағайын-бауырларымның арасына келіп, ерекше сезімде болдым. Әрі мен мұны шын жүректен түсіндім.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Замира ҚОНЫСЖАН

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӘЛІППЕСІ – БАСПАСӨЗ

Сырбойылық жастардың даму қарқыны қуантады. Дана бабалардың жолын жалғайтын, бәсекеге қабілетті және түрлі саланың алға басуына зор үлес қосуға дайын қызылордалық жастар көбейген. Жастар саясаты мен ақпарат саласында тәжірибесі бар, бүгінде республикалық телеарнада қызметте жүрген жастың бірі – Шернияз Жалғасбекұлы. Түрікменстаннан жақында оралған тілшімен әңгімелескен болатынбыз.

– Ашхабадта халықаралық форум өтті. Жиын туралы толық тарқатсаңыз...

– Иә, түркі халықтарының медиа менеджерлері Түрікменстан астанасында бас қосты. Өзге де шетелдік мамандар қатысты. Онда түбірі бір түркі елдерінің тереңнен тін тартқан тарихы мен мәдениетін, бағзыдан жалғасқан ата кәсібін, сенім мен нанымын, салт-дәстүрін жаһан жұртының жадында жаңғыртудың һәм насихаттаудың нақты тетіктері талқыланды. Айта кету керек, алда бауырлас мемлекеттер бірігіп ақпараттық агенттік ашуды қолға алуы мүмкін. Жиында осындай ұсыныс айтылды. Яғни, түбірлес тараптар телеарна, газет, интернет-сайттар ашуға ниетті.

Сондай-ақ ақпарат құралдарына ортақ тіл бекіту де айтылды. Бірақ, БАҚ қай ұлттың тілінде ақпарат тарататыны белгісіз. Мүмкін, түрік, мүмкін, қазақ, мүмкін, қырғыз. Болашақта бұл мәселелер осы секілді келелі кеңестерде қаралады. Әзірге бір белгілі дүние – көне түркі тілін жаңғыртып, қолданыс аясын кеңейту жұмыстары қарқын алады.

– Тікелей ақпарат тарату оңай жұмыс емес. Отандық және шетелдік медиадан қандай айырмашылық байқадыңыз?

– Қиын деуге аса себеп жоқ, қызық болды дер едім. Мен үшін жаңа тәжірибе деуге болады. Ең басты ерекшелік – тіл мәселесі. Түркі халықтары дегенмен тілдеріміз әртүрлі. Тіпті кейбір бауырлас ұлттардың сөзін түсіну қиын. Сол себепті аударма жасау жағы кішкене уақытты талап етті, ал ақпарат таратудан қиындық болмады. Енді екі елдің медиа кеңістігін салыстыратын болсақ, ондағы БАҚ көбірек мемлекеттік идеологияны жүргізуге басымдық беретін секілді. Шектеу жоқ деп те айта алмаймыз. Ал бізде еркіндік бар.

–Түрікменстанның ақпараттық қорғанысы қандай? Сапар барысында қиындықтар болды ма?

–Түрікменстандық әріптестердің арқасында қиындық болмады. Керек спикер, керек ақпаратымызды алуға көмек көрсетті. Сұрағыңыздың төркінін түсіндім, алайда бір дүниеге ерекше тоқталғым келеді. Интернет-сайттарға жазылғандардың бәріне сене беруге болмайды. Біздің түрікмен халқы туралы оқып жүрген ақпарат бөлек, көрген Түрікменстан бөлек дер едім. Барынша ашықтық танытты.

– Елордаға жұмыс бабы бойынша ауысқаныңыздан хабардармыз. Жұмыс бойынша ұсыныс қай тараптан түсті?

– Жұмыс жұмысшыны іздемейді ғой. Ұсыныс та, ниет те өзімнен болды. Алғаш Астанаға арман қуып, тамызда барып келген болатынмын. Сәті тек желтоқсан айында түсті. Сол уақыттан бері бас қаладамыз.

– Сіз үшін баспа ісі мен тележурналистиканың айырмашылығы қандай? Баспасөздегі тәжірибеңіз тележурналистикаға бейімделуге әсерін тигізді ме?

– Журналистиканың әліппесін баспасөзде, әдебиетін тележурналистикада танидым дегім келеді. Әлі де үйренетін тұстарымыз бар. Сондықтан көсіле сөйлеп, шешіле айта қоятындай ештеңе жоқ. Ұстаздарымыздан алған теорияны тәжірибе барысында қолданып жүрміз. Екі бағыттың өзіне тән ерекшелігі бар. Телеарна жеделдікті, қысқа сөйлегенді тәуір көреді. Ал баспасөзде кеңінен ақпарат таратуға мүмкіндік бар. Бас-аяғы осы. Ал, бейімделуге келсек, газетте жазған, сызғандарымыз әліге дейін азық болып келеді. Бір кеңес журналистикаға ниетті жан еңбек жолын басылымнан бастаса екен деймін.

– Республикалық телеарна тіршілігінде жүргеніңізге 4 ай болды. Қызықты немесе есте қалған оқиғамен бөліссеңіз.

– Сұхбат алуға барамыз ғой. Спикерің кәдуілгі Мақсат, Арман, Берік, Оспан деген кісілер. Атына қарап, «қазақ екен» деп барасың. Алайда алдыңнан шыққан адам, «Мен кишкене казакша билмейди дурыс» деп тұрады. Күлесің, қынжыласың...

– Тілшілік өмірге енді қадам басқан жас мамандарға қандай кеңес бересіз?

– Кейінгі буынға бірдеңе дей қоятындай тәжірибе жинай қойған жоқпыз. Сондықтан замандас, үзеңгілестерге деген жөн болар. Ең бастысы еңбек. Қаламының сиясы маңдай терімен бірге тамбаған журналистен жақсы маман шығады деу қиын. Екінші, ақпаратты саралай алу керек. Шындықтың бәрі осы екен деп, бұрқыратып жаза беруге, хайп қууға тағы болмайды. Сенің аузыңнан шыққан әр сөз тұтас қоғамның пікірін өзгертуі мүмкін. Сондықтан беретін ақпаратыңның дәл қазіргі уақыт үшін маңыздылығын ескеру керек. Бұқпантайлап қал демеймін, бірақ ұлттық құндылығыңа, мемлекеттік бағытыңа, халықтың бірлігіне кері әсер ететін ақпараттар шындық болса да журналистің ішінде өлгені дұрыс дер едім. Ақиқат пен шындықтың ара-жігін ажырата білу керек. Мәселен, тауар қымбат деп айқайлай бергенге қарағанда, оның не үшін қымбаттағанын түсіндіру абзалырақ. Арзандатудың шешімін қоса айта алсаң, тіпті жақсы.

– Сырбойылық медианың бүгінгі жағдайы туралы не айтасыз?

– Өңірдегі медианың бүгінін бағамдау үшін кешегісін көру керек. Біз бергі буын өкіліміз. Сондықтан ештеңе дей алмаймын. Салыстырмалы түрде айтуға болады. Қазіргі республика деңгейінде ақпарат алаңында нәтижелі жұмыс істеп жүрген мамандардың дені – қызылордалықтар. Оның ішінде жастардың қарқыны қатты. Сол себепті сырбойылық медианың өзіндік мектебі қалыптасқан деген болар едім. Басқа өңірден шыққан әріптестермен көп тілдесеміз. Олар өз облыстарында маман тапшылығы бар екенін айтады. Нарықта өзге аймақтың адамдары еңбек етіп жүр. Ал бізде ондай мәселе жоқ. Кадрдың барлығы өзімізден шығады. Ол – өңірдегі медиа саласының жолға қойылғандығы.

– Жұмыс бабындағы Шернияз бен кәдімгі Шерниязның айырмасы қандай?

– Айырмасы жоқ. Кең ауқымды сауалыңызға осылай қысқа жауап бергім келді.

– Бүгінде медиа әлемде подкаст бағыты қарқынды дамуда. Осы жанрда жоба жасау ойда бар ма?

Әзірше тілшілік тіршілікте шыңдалғым келеді. Кейін ұсыныс, уақыт болып жатса неге көрмеске. Кішкене болсын халыққа айтар ойымыз бар болса, тек қонақ ретінде баруға болады.

– Оқырманға ұсынатын топ 3 кітап.

– Жалпы оқырманға Мұхтар Мағауиннің «Шаһан Шері», Төлен Әбдіковтің «Оң қол», Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» туындысын оқуға кеңес беремін. Оқу керек кітаптар көп. «Ұсын» дегеніңізде ойыма түскендер осы болды. Ал журналистер үшін Бейімбет Майлин, Міржақып Дулатов секілді өткен буын өкілдерінің журналистік жазбаларын оқыңыз дер едім. Қазіргі біздегі жетіспейтін дүние елжандылық. Ол тек азаматтық көзқарасымызда ғана емес, журналистік қолтаңбамызда да көріну керек.

– Болашақ туралы сөз қозғасақ, биылғы жоспарыңыз қандай? Ал 5 жылдан кейін өзіңізді қалай елестетесіз?

– Сыртта жүргеннен кейін бе, әлде шынында уақыты келді ма, әйтеуір отбасылы болу туралы көп ойланып жүрмін. Сондықтан бес жылдан кейін бірнеше балалы әке болғым келеді. Бұл адам ретінде арманым. Маман ретіндегі мақсаттарымды уақыт көрсетер, бірдеңе дей қою қиын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Әлия ТӘЖІБАЙ

ЕРІКТІ БОЛУ – ермек емес, ерен еңбек

2019 жыл Қазақстанда «Жастар жылы» деп жарияланды. 680-нен астам волонтерлық ұйым жұмыс істеп, ақжүрек жандар саны 200 мыңнан асты. Qazvolunteer.kz. платформа іске қосылып, бүгінде еліміздегі кез келген адам еріктілер қозғалысының қатысушысы бола отырып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Сонымен қатар қазақстандық волонтерлар ел аралап, әлемдік дәрежеде игі істердің куәгері болып жүргені көз қуантады. Қазақстанда беделді бірнеше еріктілер ұйымы бар, олар: «Ұлттық волонтерлік желі» ОЮЛ, «Қазақстандағы Қызылжарты ай», БҰҰ Қазақстандағы волонтерлік бағдарламасы» және де басқалары. Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы ұйымдастырылған Халықаралық форумда волонтерлық ең алдымен елге деген патриоттық деген пікірді алға тартты.

– Волонтерлік – мемлекет пен қоғам ілгерілеуінің жарқын көрінісі. Елдің дамуы мен жетістігі халықтың патриоттық белсенді әрекетіне тікелей байланысты. Олар күн сайын маңызды қызмет етеді. Мұндай азаматтар бізде аз емес. 16 мың адам – бастапқы меже. Келешекте жүз мыңдаған, миллиондаған адам жан-тәнімен, ерікті түрде волонтерлікпен айналысатынына сенімдімін, – дейді Мемлекет басшысы.

Жақсылық қылсаң, жасыр...

– Волонтерлық шын жүректен жасалуы тиіс адамзатқа керек рухани қажеттілік. Адам болып дүниеге келген соң жақсылық жасап, қоғамға пайданды тигізу пенделік борыш. Қазіргі жастардың қуантарлық істері көп. Соның бірі – еріктілікке қызығушылық таныту.

Кез келген адам қандай сала болсын әдеп қағидаларын сақтауы тиіс. Бұл сөзімнің астарында жақсылықты «жар салып» жасайтындардың көбейгені көңілге қаяу салады. Көбісі әлеуметтік желіге жақсылығын жариялап, астыртын мақтанышқа кенелгісі келеді. Бұл дұрыс емес. Яғни айтпағым, егер игі іс бастап, мұқтаж жанға жомарттық танытқыңыз келсе, міндетті түрде келбетіңізді көрсетіп, көлкөсір қолдауға ие болудан аулақ болыңыз. Жақсының жақсылығын айтатын жандар табылады. Бір уыс ұн апарып, ақпарат айдынына абырой қылып паш еткеннің еш пәтуасы болмайтынын білген дұрыс. Сондай-ақ жеке адамның шекарасын сақтамай, желілерге суретін салып, тұлғаның алдағы өміріне кісен салмағаныңыз абзал. Себебі ақпарат ұзақ сақталады, оның кейін келтіретін залалын біз білмейміз, – дейді «Жомарт» қоғамдық қорының директоры Майя Жомарт.

Алдау оңай, залалы таудай

Қазір алаяқтықтың да түрі көбейіп, заман тыншымай тұр. Қайырлы іс деп көптің аузын ысып, ақшаны қалтаға басып, жоқ болып кететіндер кем де кем. Адамның ақ ниетіне қастандық жасау арқылы тапқан пайда – арам. Алайда мұны ұғынып жүргендер аз. Кейбір демалыс орындарында, дүкендер немесе мейрамханаларда «сауапты іс жаса» деген кейс бокстар тұрады. Әрине, көпшілік бейжай қалмай, қара бақыр тиын болса да салып кетуге тырысып бағады. Дегенмен мұндай жолмен қайырымдылыққа қаражат жинау сенім тудырмайды. Себебі халықтан жиналған сомманың үстінен 10% пайда көріп қалатындар көп. Әлеуметтік желіде де миллиондаған оқырманы бар кейбір «блогерсымақтар» жақсылық жасағанына өтем сұрайтын көрінеді. Бұл ел арасында тараған қауесет емес, өктем өрескелдік.

Біреу – біреуге сүйеу

Соңғы жылдары еріктілердің саны көбейгенімен сапасына сын түскенін байқауға болады. Көбісі қоғамдық жұмыспен айналысып, өз пайдасына ұпай жинауға асық. Ал расына келгенде, волонтерлық – ақысыз, ерікті түрде қоғамның игілігі үшін қызмет ету. Олар әлеуметтік осал топтарға көмектесу арқылы халықтың жағдайын жақсартуға, ілгері көмек көрсетуге қауқарлы азаматтар. Қиын қыстауда біріге қол ұшын созып, өмір сүру ахуалын жақсартуға әрекет жасайтындар. Волонтерлар қызметі әлеуметтік әлеует, медицина, экология, жануарларды қамтиды. Еріктілікте жасқа арналған шектеулер жоқ. Мектеп оқитын оқушы болсаңыз да, қалыптасқан тұлға болсаңыз да жақсылық жасау жас талғамайды. Сондай-ақ үздік еріктілерді ынталандыру үшін жыл сайын республика басшысының тапсырмасымен «Шапағат медалі» табысталынады. Кейбір оқу орындары волонтерлықпен айналысып, қоғамдық шараларға атсалысқан студенттерге оқу ақысымен көмектесіп, өзге де жеңілдіктерді қарастырған.

– Елімізде сенім артуға болатын қайырымдылық қорлары баршылық. «Харекет» қоры, «Дәулеттен» қоғамдық қоры аз қамтылған отбасыларға баспаналы болу бақытын бұйыртып, мұқтаж жандарды қамтамасыз етуге көмектесіп келеді. Сол сияқты басқа да волонтерлық ұйымдардың саны жеткілікті. Алайда «еріктілік» елімізде енді ғана қалыптасып келе жатыр. Бұл терминнің маңыздылығы асықпай айшықталуда. Әлемде індет тараған шақта, төбемізге қара бұлт төніп, алапат табиғи апаттар болған кезде халыққа көмек қолын созған волонтерлардың абыройы асқақтамаса, төмендемейтіні анық.

Еріктілікті жаны қалап емес, болашағыма әсер етеді, маған көмек болады деген түсінікпен бастап кететіндер бар. Бірақ «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ел басына қатер төнген шақта халықпен біріге сындарлы сәттерде сынбай, бірге төтеп беру керек деп есептеймін, – дейді жас волонтер Азамат Нәмелбек.

P.S: «Мейірімділік жүректен» демекші, мұқтажға демеу болып, жылағанның жасын сүртіп, жесірін жебеген ұлы халықпыз. Ата-бабамыздан дарыған асыл қасиеттерді сақтай отыра, жақсылық жасауға бірдей талпынайық. Ел аман, жұрт тыныш болсын.

Қорлан САРЫ



Жомарттық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Осындай адамдардың бірігуі арқылы құралатын топты волонтерлық деп атайды. Олар елдің ыстық ықыласы үшін жұмыс істейді. Дегенмен қайтарымсыз қайырымдылықтың мақсаты мен мағынасы бүгінде өзгеріп, еріктіліктен келген пайданы еншілегісі келетіндер саны көбейді.

Басы 1-бетте

Жанна Ізтілеуова:

ҮШТІЛДІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ терминдер жинағын алғашқы болып жасадым

Университетте болашақ аудармашыларды оқытатын болғандықтан, олардың сабақ кезінде мәтінді аударатын электронды құралдар мен ChatGPT секілді жасанды интеллект қосымшаларын жиі пайдаланатынын байқаймын. Сондықтан шетелдегі алғашқы зерттеуім практика барысында аударма құрылғыларын дұрыс пайдалануға байланысты болды. Аударма жасау кезінде жасанды интеллектке «сену» студенттің сыни ойлау қабілетін төмендетіп, пікірін толық жеткізе алмауына, әдеби тілде көркем аударма жасай білмеуіне әкеледі. Бұл жоба барысында сөздердің баламасын табу, дәлме-дәл аудармадан бөлек мәтіннің мағынасына сай ойды орайлы жеткізу жолдарын қарастырдық.

Ал екінші зерттеуім көптілділікке арналды. Яғни осы бағытта оқытушы ұстанатын ұстанымдар мен әдіс-тәсілдерді зерттедім. Тағылымдама аясында ғылыми жұмысым профессорлар тарапынан жоғары бағаланып, жақсы деген көрсеткішке ие болдым.

Бұл сапар шетелдік оқу орнындағы ғылыми базамен жеткілікті түрде танысуға, кітапхана қорындағы әдебиеттерді пайдалануға жол ашты. Профессорлар, ең бастысы, «еуропалық стандарт бойынша зерттеу жүргізу керек» деген талап қойды. Өйткені жоғары рейтингілі журналдарға мақала жариялау үшін жазған материалың еуропалық стандартқа сәйкес болуы қажет. Біздің ел де Болон үдерісіне енгізілгенімен әлі де кеңестік жүйенің ықпалы бары рас. Сондықтан профессорлардың тақырып таңдау, жазу бойынша берген кеңестері көп пайдасын тигізді. Байқағаным, біз инновациялық әдіс, модернизация деген тақырыптарға басымдық береміз. Ал шетелде керісінше қарапайым тақырыптарға мән береді, зерттеу жұмыстарын да өздері сабақ беретін шағын сыныпта жүргізеді. Ғылыми жобалары сонысымен өзекті, қарапайым әрі шынайы. Өзің де сабақ беру барысында сондай жағдайларға кезігетін болғандықтан, ғылыми зерттеулерін айтқан кезде «менде де сондай оқиға болған» деп талқылай аласың. Бейтаныс тақырыптарды зерттеу жауапкершілігін алғаннан гөрі, күнделікті оқу процесінде кезігетін жағдайды сараптап, тиімді оқыту технологиясын қарастырған дұрыс секілді. Маған ұлыбританиялықтардың күрделендірмейтіні, қарапайым әрі шынайы ғылыми зерттеулері ұнады.

– Неліктен таңдауыңыз Ұлыбританияға түсті? Бұл елдегі ғылым жүйесінің ерекшелігі неде?

– Осыдан 2-3 жыл бұрын Шотландияның Глазго университетіне баруды армандап, оқытушыларымен байланыс орнатқан болатынмын. Дегенмен бағдарлама бойынша уақыты сәйкес келмей, Англияға жол түсті. Мұндағы Уорик университеті әлем бойынша жоғары рейтингке ие. Оның ішінде мен оқыған «Қолданбалы лингвистика» бөлімі мықты профессорларымен, озық зерттеу жұмыстарымен танымал.

– Кейбір ғалымдар жоба аясында тағылымдама уақыты тым аз, бұл жұмыстың нәтижелі болуына кері әсер етеді дейді. Сіз қалай ойлайсыз?

– Уақыттың жеткілікті болуы таңдаған салаға да байланысты. Себебі 1 жыл бойы тағылымдамадан өткен ғалымдар бар. Біз гуманитарлық сала болғандықтан 3 ай ішінде тәжірибе алмастық. Ал зертханада эксперимент жасайтын, нәтижесін айлар бойы күтетін жаратылыстану бағытындағы ғалымдар үшін бірнеше жыл қажет болуы мүмкін.

– 2022 жылы университет ректорының жас ғалымдарға арналған грантын жеңіп алдыңыз. Осы байқауда ұсынған «Бастауыш, орта және жоғары мектеп мұғалімдеріне арналған психологиялық-педагогикалық терминдердің үш тілде глоссарийін әзірлеу» жобасы туралы айтып берініізші...

– Иә, конкурста бұл жоба үздіктер қатарынан көрінді. Елімізде осы кезге дейін оқу процесінде пайдалануға арналған психологиялық-педагогикалық терминдер сөздігі болмағаны рас. Алғашқы болып үш тілдегі жинақты әзірледім. Бұл еңбек шетел тілінде сабақ беретін оқытушыларға да көп көмегін тигізетіні сөзсіз. Диссертациялық жұмысым, зерттеу бағытым да көптілділікке байланысты. Еуропа елдеріне мигранттар, шетелдік студенттер өте жиі келетіндіктен олар көптілді жүйеге бейімделген. Сондықтан біздің де студенттер сабақ процесінде оқу тілі бойынша таңдау жасайтындай деңгейге жетсе, бірнеше тілді меңгерсе деген мақсатым бар.

– Қазір балалардың тілі кеш шығуда. «Интернеттен үш тілдегі мультфильмдерді көру балалардың кеш сөйлеуіне, ой жүйесінің шатасуына ықпал етуде» дейді мамандар. Кәсіби маман ретінде айтыңызшы, балалар ағылшын тілін қай кезден бастап үйренген дұрыс?

– Баланы ерте жастан шетел тіліне үйрету «дүбәралыққа» әкеледі дейтіндер аз емес. Дегенмен бала кезден бірнеше тілде сөйлеу интеллектінің дамуына, есте сақтау қабілетінің жақсаруына әкеледі. Бүлдіршін шағында ата-ана баламен мықты байланыс орнатып, телефоннан мағынасыз дүниелер көруіне, белгісіз сайттардан ақпарат алуына жол бермеуі керек. Қадағалаусыз интернетті көп пайдалану баланың санасына кері әсер ететіні де рас.

Бұрын балабақша, 1 сыныптан бастап ағылшын тілін үйрету керек десе, қазір оқушылар тек 3 сыныптан бастап шет тілін меңгереді. 1-2 сыныптарда «Әліппе», «Ана тілін» оқытып, 3 сыныптан кейін өзге тілдерді үйрету – өте орынды шешім.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА

ҒАЛАМДЫ ӨЗГЕРТКЕН ғылыми жаңалықтар

Адам баласының тұрмысын жеңілдетіп, қарым-қатынасын оңтайландыруға үлес қосқан өнертабыстар көп. Дегенмен оның ішінде адамзаттың өмір сүру салтын өзгерткен құрылғыларды екшеп алып, алғашқы нұсқасы мен авторлары жайлы ақпарат беруді жөн санадық.

АЛҒАШҚЫ АВТОКӨЛІК



Мың шақырым жерлерге күн жарымда барғызған көлік атаулының алғашқы нұсқасы жайлы білесіз бе? Ендеше алысты жақын еткен қатынас құралының тарихына бірге үңілейік!

1769 жылы француз өнертапқышы Николя-Жозе Кюньо ең алғашқы бумен жүретін қозғалтқышы бар арба ойлап табады. Қызығы, алдыңғы бөлігінде буға арналған жабық қазандығы бар дәл осы алғашқы көлік үш дөңгелекті етіп жасалған болатын. Өнертапқыш Кюньо оған «Өрт арбасы» деген атау береді. 1770 жылы Кюньо көліктің екінші нұсқасын жасап шығады. Өнертабыс сынақтан сәтті өткенімен, өнертапқыш та, оған тапсырыс беруші де оппозиционер деп танылып, саяси қуғын-сүргінге ұшырайды.

Көліктің бұл екінші нұсқасы зеңбіректерді тасымалдауға арналған әскери паровоз типтес арба болатын. Ұзындығы 7,25 метр, салмағы үш тоннаға жуық, жылдамдығы 3-4 км/сағ болатын «Кюньо арбасы» тек автокөліктің ғана емес, паровоздардың да түп тамыры іспетті. Көліктің дәл осы ең алғашқы нұсқасы Париждегі әлемге әйгілі мұражайларды бірінде сақтаулы.

БАСПА ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ БАСТАПҚЫ НҰСҚАСЫ



«Оқу мен жазу – адамзат ақыл-ойының ең үлкен жетістігі». Адамдар өз ойын тастағы таңбалар арқылы білдірген ежелгі дәуірден бастап жазу мен сызу ғасырлар бойы үздіксіз дамып отырды. Осы орайда қағаз басып шығаруға арналған құрылғы адам өмірін әлдеқайда жеңілдеткені ақиқат. Қолжазба арқылы қандай да бір ақпаратпен көпшілікті құлағдар ету – машақаты мол жұмыс болатын. Расында, әлдебір жапырақтай жазбаны мыңдаған дана етіп қолдан жазу оңай емес, ал көп даналы кітап жазу тіпті қиын.

Неміс өнертапқышы Иоганн Гутенберг әлем тарихында есімі алтын әріппен жазылған тұлғалардың бірі. Ол 1439 жылы ең алғашқы жылжымалы баспа құрылғысын ойлап тапты. «Литер» атауын алған құрылғының қағазға басатын бөлігін қалайы мен қорғасынның ерітілген құймасы арқылы қос тақтайша етіп дайындаған. Сия жағылған тақтайшаны құрылғыға орнатқан соң жазуды қағазға түсіру үшін барынша нығыздайды. Бұл біздің есімізге қазіргі мөрді түсіретіні анық. Өнертапқыш бұл құрылғының алғашқы басылымын күнтізбелер мен латын грамматикасы жайлы оқулықтар, сонымен қатар діни жарлықтарға арнады. Бұл істі тәжірибе ретінде жүргізген Гутенберг кейін ең үлкен еңбегі, 42 қатардан тұратын «Библия» кітабын басып шығарды.

ЖАРЫҚ ШАМЫН КІМ ОЙЛАП ТАПТЫ?



Жарық шамы – адамзат өмірін өзгерткен ең үлкен жаңалықтың бірі. XVIII ғасырда шамның доға және накала жібінен жасалған екі түрі пайда болды. Доға нұсқасының сәтсіз шыққан тұсы, ол 5 минуттан артық жарық шашпады. Қос таяқша сымның ортасындағы электродтарының қосылып кетуі нәтижесінде шам тез істен шығатын.

Кейін ғалымдар шамның көптеген түрлерін ойлап таба бастады. Дегенмен шамның ең алғашқы әрі түпнұсқасын кімнің жасап шығарғаны жайлы нақты дерек жоқтың қасы.

1809 жылы француз өнертапқышы Жерар Деларю накал жібі мен платинадан спираль формасында жарық шамын жасап шығарады. Шам жап-жарық әрі кез келген температурада жұмыс жасай алғанымен қызмет көрсету уақыты тым қысқа болды.

1854 жылы Генрих Гебель жаңа электр шамын ойлап тапты, вакуумдық аумағы сынаптың көмегімен жасалған аталмыш шам да сынақ барысында сәтсіздікке ұшырады.

Дәл осы уақытта ресейлік өнертапқыш Александр Лодыгин де жарық құрылғысын жасау үстінде болатын. 1872 жылы дайын болған электр шамының бұл нұсқасы сынақтан сәтті өтіп, тіпті Ресейдің мекемелері мен көшелерін жарықтандыру мақсатында қолданысқа еніп кетті. Араға 2 жыл салып, Лодыгин өзінің өнертабысын патенттеді. Яғни алғашқы қыздыру шамын 1874 жылы ресейлік инженер-электрик Александр Лодыгин жасап шығарғаны жайлы ресми дерек тарих беттеріне таңбаланды. Өзге де мемлекеттер Лодыгиннің нұсқасымен жарық шамдарын шығара бастады. Дегенмен Американдық өнертапқыш Томас Эдисон алдыңғы нұсқадағы көміртекті шамды негізге ала отырып, жұмыс істеу уақыты 40 сағатқа жететін жаңа шамды жасап шығарды. Ол Лодыгинның нұсқасына үлкен өзгерістер енгізіп, зерттеулер мен түрлі сынамалар нәтижесінде 1875 жылы 1200 сағатқа дейін жұмыс жасай алатын ең алғашқы жарық шамын әзірледі. Сонымен қатар Эдисон өз өнертабысы арқылы жеке кәсіп ашып, қолжетімді бағада шам сатуды қолға алды. 1882 жылы Нью-Йорк жарық шамдарымен толық қамтылған алғашқы қала болып тіркелді. Бұл, әрине, Томас Эдисонның өлшеусіз еңбегінің нәтижесі болатын.

ТЕЛЕФОННЫҢ ТЕГІ ҚАНДАЙ?



Телефон құрылғысын жасаудың алғашқы идеясын 1849-1954 жылдар аралығында париждік инженер-механик Шарль Бурсель әзірлеген болатын. Бурсель осы әзірлеме арқылы 1854 жылы диссертация қорғағанымен оны практикалық негізде іске асыра алмады. Грек тілінен аударғанда «теле» – алыс, «фоун» – дауыс деген мағынаны беретін «телефон» сөзін енгізген де дәл осы Бурсель болатын.

Заманында ғажайыптардың ғажайыбы болған телефон құрылғысын іске асырған американдық атақты өнертапқыш Александр Белл болатын. Телеграф жасаумен айналыса жүріп, ол алғашында электрлік сигналдар арасынан әлдебір дыбыстарды байқайды. Дәл осы кезде қашықтықтан сөйлесуге қауқарлы аппарат жасауға идея туындайды. Нәтижесінде Грейам дыбыстық сигналды (дауысты) аналогтық электрлік сигналға түрлендірді. Оны белгілі бір қашықтыққа электр сымы арқылы жеткізіп, аналогтық сигналды қайтадан дыбыстық сигналға түрлендіре отырып, 1876 жылдың наурыз айында алғашқы телефон құрылғысын жасап шығарады. Аккумуляторы жоқ құрылғының таратқышы мен қабылдағышы жақын орналасқандықтан адамдар электр сигналы арқылы қысқа қашықтықта ғана сөйлесуге мүмкіндік алды. Дегенмен дәл осы нұсқа барша телефон атаулының түп тамыры, бастауы болып қалды.

Аружан ОРАЛБАЙ

ИНЖЕНЕР ПЕДАГОГТЫҢ ЖАҢА ФОРМАЦИЯДАҒЫ РӨЛІ

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясында «адамдардың өздері, олардың ерік-жігері, энергиясы, табандылығы, білімі» болашақ ғасырдағы экономикалық және әлеуметтік серпілістің жетекші факторы екені атап өтілді. Ал XXI ғасырда қоғам дамуының негізгі принципі бірінші кезекте білімділік деңгейімен айқындалатын ұлттың бәсекеге қабілеттілігі болды. Халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілік индексін арттыру мақсатында ҚР білім беру жүйесі соңғы онжылдықтарда бірқатар өзгеріске ұшырауда. Білім беру саласындағы инновациялық үрдістер қоғамның жаһандануынан, адами ресурстардың жинақтылығынан, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы үлкен өзгерістерден, қолжетімді және алуан түрлі ақпаратқа, оның ішінде интернетке көшуден, бұқаралық ақпарат құралдары мен технологиялардың, ғылымдағы инновациялардың артуынан туындайды. Білімге қойылатын заманауи талаптар Қазақстанның жедел әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету қажеттілігімен, басқару құзыреттілігі бар және ғылымды қажет ететін жоғары технологиялық өндіріс пен нарықтың инновациялық дамуы жағдайында қызмет етуге бейімделгіш-шығармашылық дайындығы бар кәсіби кадрларды даярлау қажеттілігімен негізделеді.

Мемлекеттің қазіргі жаһандану процесінде қоғамның жоғарғы білікті кадрларға деген үлкен қажеттілігі мен қызығушылығы жоғары. Сәйкесінше, білім беру мақсаттары да өзгеруде. Сондықтан кәсіптік білім беруде олардың құзіреттілігін арттыру өте маңызды. Аталған құзіреттілікті арттыру жолдары қандай?

- Soft skills дағдысын қалыптастыру;
- Hard skills-тің маңыздылығын ұғындыру;
- BANI әлеміне (өзгермелі қоғам) бейімделу;
- Өмірлік постулаттан айнымау.

BANI әлемінде, яғни – тұрақсыз әлемде өмір сүру дегеніміз көптеген белгісіз және кенеттен өзгеретін мақсаттар мен жағдайларда толып жатқан таныс емес міндеттерді шешу.

Мен ұсынған құзіреттілікті арттыру қадамдары кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім алушылар үшін маңызы зор. Ұстаз ретінде біз тек білім беріп ғана қоймай, өзгермелі қоғамда дағдыларды қоса дамытуымыз қажет деп есептеймін.

Роберт Кийосаки: «Біз – өз әдет-дағдымыздың құлымыз. Ендеше күнделікті дағдымызды өзгерту арқылы, өмірімізді де өзгерте аламыз» деген екен.

Ал, Кен Робинсон: «XXI ғасырда адамзатты аса күрделі проблемалар күтіп тұр. Біз оларды шешу үшін ерекше шығармашылық және өнертапқыштық қиялдарымызды дамытуымыз керек. Біз үшін ең басты қауіп – болашақпен бетпе-бет келуде өзіміздің жасампаздық мүмкіндіктеріміз ретінде қол жеткізуге болатын барлық мүмкіндігімізді қолдана алмау. Оларды дамыту білім беру мен оқытудағы басым бағытқа айналуы тиіс. Білім дегеніміз – болашақтың кілті және одан асқан маңызды нәрсе болуы мүмкін емес».

Әлемнің өзгеруімен қатар білім беру де өзгеруде. Жаһандану, технологиялардың дамуы, әлеуметтік қатынастарды жете түсіну және ұжымдық жобаларға қатысу қоғамның білім беруді қалай қабылдайтынына және оның қандай болуы керек екеніне әсер етеді. Болып жатқан өзгерістердің маңыздылығы соншалық, оларды кейде «жойқын инновациялар» деп те атайды.

Осы жойқын инновацияларға ілесу, заманауи кәсіптік маман даярлау үшін педагогтер STEEPV әдістемесін тәжірибесіне енгізу керек деп есептеймін. Әдістеме бойынша заманауи трендтерді алты топқа топтастырамыз:

1. әлеуметтік,
2. технологиялық,
3. экономикалық,
4. экологиялық,
5. саяси
6. әлеуметтік құндылықтар

Шәкірт те, ұстаз да қоғам талабына сай болуы үшін аталған заманауи трендтерді өн бойынан өткізіп, тәжірибеде қолданса ғана, жаңа формациядағы педагог әрі шәкірт атанары сөзсіз.

Заман талабына сай табысты білім алушы, заманауи педагог Клаус Шваб қарастырған, президентіміз Қ.К.Тоқаев өзінің жолдауында атап өткен креативтілік, коммуникация, сын тұрғысынан ойлау, ынтымақтастық қасиеттерін игеру шарт. Мен ұстаз ретінде өз сабағымда түрлі инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданамын. Соның бірі авторлық «Спичрайтер» әдісі. Бұл әдістің тиімділігі неде? Әрине, бұл білім алушылардың ойын жүйелеуге, өзіне жауапкершілік алуға, эмпатия сезімінің оянуына үлкен оң әсері бар дер едім. Әр сабағымның мазмұнды өтуі мен үшін маңызды. Шәкірттеріме үнемі “life long learning” жүйесін мақсат ретінде қарастыруды ұсынамын. Нәтижесі де жоқ емес.

Өз нәтижесін берген әдістердің бірі – «5 Е моделі» (education, entertainment, exploration, elevation, estimation)

- ОҚУ (нені оқыған дұрыс?)
- ҚАНАҒАТТАНУ (жемісін берген жұмысқа масаттану);
- ЗЕРТТЕУ (білім алушылардың білімін жетілдіруде қолданған әдістеріме мониторинг жасау);
- ЖАҚСАРТУ (кемшін түскен тәсілдерімді трансформациялау).
- ТИІМДІЛІКТІ БАҒАЛАУ (нәтижесін практикада қолданып, тәжірибеде тарату).

Сабақ барысында геймификацияның да, AR және VR технологияны да пайдаланудың тиімділігі жоғары. Геймификация ойын элементтері арқылы оқуды қызықты етуге бағытталса, «ойынға айналдыру» оқытуды модельдеудің бір түрі ретінде ойын жаттығулары түрінде құрастырады.

Міне осы қадамдарды жиі қолдануымның арқасында өзгермелі қоғамға ілескен, заманауи педагогпін деп айта аламын.

Ұрпақтар теориясы сонау жылдардан бері сабақтасып келе жатыр. Әр жиырма жыл сайын өзгеріп, жаңарып, талабы басқаша құбылатын ұрпақтар тізбегі бар. Солардың бірі – қазіргі Z ұрпақ. Бұл ұрпақ біздерді X ұстазды қанаттандырады. Сәйкесінше, бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер, жаңа формациядағы педагогті талап етуі заңдылық. Ұрпақ сабақтастығының өзгеруіне ұстаз ретінде біз де ілесуіміз қажет. Жаңаша нәрсеге үрке қарамай, ксенофобияға жол бермеңіз.

Гүлнәз ҚАРАСАЙ,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің
өндірістік оқыту шебері

Сол қолымен тындырымды тірлік істейтіндерді көргенде таңғалған боларсыз. Мұндайда «солақай болудың ерекшелігі неде?» деген сұрақ туындайтыны рас.

СОЛАҚАЙ – ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛЫС ИЕСІ

Қоғамда солақайлықты осалдық санап, солақай жандарға үрейлене қарайтын көзқарас та жоқ емес. Баласының қасықты сол қолымен алып, тамақ ішкенін көргенде «оң қолыңмен іш» деп талап қоятын ата-аналар да кездеседі. Тіпті бұрын сол қолмен жазу жазатын адамдарды ауру деп есептеп, анамолия деп сырқатқа атау берген. Бүгінде медицина ғылымы солақайлық ешқандай кемістік емес, табиғи қалыпты жаратылыс екенін дәлелдеді.



Ғалымдар «солақайлық баланың дағдыланууына емес, жаратылысына байланысты» дейді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, солақайлар жиырма жыл бұрынғыға қарағанда екі есе көбейген екен. Әлемдегі халықтың шамамен 10-12 пайызы солақайлар.

Бір қызығы, дарындылардың көбі солақайлар арасынан шыққан көрінеді. Себебі психологтар «мұндай жандардың шығармашылық әлеуеті мықты» деген баға беріп отыр. Әлемге әйгілі шығармалардың басым бөлігі солақайлардың туындылары. Мысалы, Леонардо Да Винчи, Альберт Эйнштейн, Чарли Чаплин, Иван Павлов солақай болған. Талантты сазгер, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің домбыраны сол қолымен тартқанын дүйім қазақ біледі. Есімі белгілі қазақтардың ішінде де солақайлар баршылық.

Солақайлар туралы қызықты ақпарат көп-ақ. Олар ерекше қасиеттерге ие, ғылым мен өнер, спортқа жақын. Мінез-құлқы да бөлек. Мазасыз, қатал болуымен қатар эмоцияға беріледі екен. Солақай жандарды сабырға шақыру да қиын. Қалай дегенмен де «солақайлықтың әлі ашылмаған сыры мен құпиясы көп» дейді ғалымдар. Егер балаңыз солақай болса кемістік деп емес, Алланың берген ерекше сыйы деп қабылдаңыз.

Арайлым ҚУАНЫШБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

САЛЫҚ БЕРЕШЕГІН БӨЛІП ТӨЛЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Әр мемлекеттің өсіп-өркендеуі мен дәулеттілігінің кепілі – салық. Сондықтан салық төлеу жүйесі келешегін ойлайтын ел үшін аса маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саланы жаңғыртуға назар аударып отыр. Президент «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында ұлттық табыстың әділ бөлінуіне баса мән бере отырып, салық жүйесін жаңғырту қажеттігі туралы тапсырма берген болатын. Содан бері елімізде салық төлеу жүйесін дамыту бойынша маңызды жұмыстар қолға алынуда.

Салық – мемлекеттік бюджетке заңды және жеке тұлғалардан белгілі бір мөлшерде түсетін міндетті төлемдер. Ал, осы уақытша қаржылық қиындықтарға тап болған салық төлеушілер үшін Салық кодексінде салықтарды және төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін неғұрлым кеш мерзімге өзгерту мүмкіндігі көзделген.

Мерзімдерді өзгерту салық міндеттемесін орындау нысанында беріледі:

– алты айдан аспайтын мерзімге салық сомаларын бір жолғы төлеумен кейінге қалдыру;

– үш жылдан аспайтын мерзімге салықтардың сомаларын ай сайын немесе тоқсан сайын төлей отырып бөліп төлеу.

Салықтарды және төлемдерді төлеу бойынша кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу қаржылық жағдайы салықты немесе төлемді белгіленген мерзімде төлеуге мүмкіндік бермейтін салық төлеушіге берілуі мүмкін. Алайда оларды төлеу мүмкіндігі кейінге қалдыру немесе бөліп-бөліп төлеу берілетін мерзім ішінде пайда болады деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар.

Төлем көзінен ұсталатын салықтарды, акциздерді, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарларға қосылған құн салығын, сондай-ақ ҚР бюджет заңнамасына сәйкес ҚР Ұлттық қорына түсетін салықтарды қоспағанда, салықтардың барлық түрлері бойынша кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу берілуі мүмкін.

Салық бойынша кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді қалай алуға болады?

Кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді алудың міндетті шарты салық төлеушінің және үшінші тұлғаның мүлкін кепілге қою не салық төлеушінің банк кепілдігін беруі болып танылады. Салықтар мен өсімпұлдарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту немесе оны өзгертуден бас тарту туралы шешімді салық төлеушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кіріс органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша салық төлеушінің өтінішін алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қабылдайды.



Салықтарды және төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімдерін өзгерту туралы мәселені қарау үшін салық төлеуші мынадай негіздердің бірі болған кезде тиісті мемлекеттік кірістер органына салық өтінішімен жүгінуі қажет:

– салық төлеушіге еңсерілмейтін күш (әлеуметтік, табиғи, техногендік, экологиялық сипаттағы төтенше жағдайлар, әскери іс-қимылдар және еңсерілмейтін күштің өзге де мән-жайлары) нәтижесінде залал келтіру;

– салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді өндіруі және өткізуі маусымдық сипатта болады;

– дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлғаның мүліктік жағдайы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндіріп алуға болмайтын мүлікті есепке алмағанда) салықты біржолғы төлеу мүмкіндігін болдырмайды;

– соттың берешекті қайта құрылымдау рәсімін қолдану туралы шешім қабылдауы;

– салық төлеуші қызметінің негізгі түрі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес стратегиялық маңызы бар экономика саласына жатады;

– салық төлеушінің қосымша салық есептілігін ұсынуы;

– салық төлеушінің тексеру нәтижелері туралы хабарламада көрсетілген есептелген салықтардың және төлемдердің сомаларымен келісуі.

Өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі

– тиісті контрагент-дебиторлармен жасалған шарттардың бағаларын және оларды орындау мерзімдерін көрсете отырып, салық төлеушінің контрагент – дебиторларының тізбесі, сондай-ақ осы шарттардың көшірмелері;

– салықтарды және төлемдерді төлеу мерзімін өзгерту үшін негіздердің болуын растайтын құжаттар;

– кепілге берілетін мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы бағалаушының есебін қоса бере отырып, кепіл нысанасы болуы мүмкін мүлік туралы құжаттар не кепілгер банк пен салық төлеуші арасында жасалған банк кепілдігі шарты және банк кепілдігі. Бұл ретте, бағалаушының кепіл мүлкінің нарықтық құнын бағалау туралы есебі салық төлеуші кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы өтініш берген күнге дейін он жұмыс күнінен ерте жасалмауға тиіс.

Мүлікке қойылатын талаптар

Кепілге берілетін мүлік жоғалудан немесе бүлінуден сақтандырылуға тиіс және оның нарықтық құны қолданылу кезеңі үшін есептелген өсімпұлды ескере отырып, салықтарды мен төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемесін орындау мерзімін өзгерту туралы өтініштерде көрсетілген салықтардың және төлемдердің сомасынан кем болмауға тиіс салық төлеуші салықтарды немесе төлемақыларды төлеу жөніндегі кестені бұзған жағдайда оны кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу, сондай-ақ оны іске асыруға арналған шығыстар.

Бұл ретте, салық төлеушінің және үшінші тұлғаның мүлкін кепілмен немесе банк кепілдігімен қамтамасыз етілген салық міндеттемесін орындау кестесі бұзылған жағдайда, салық органы салық төлеушінің және үшінші тұлғаның кепілге салынған мүлкінен өндіріп алуды талап етеді, не банк кепілдігін орындауды талап етеді.

Әрі қарай, сауда-саттық жүргізу арқылы мүлікті сату жүзеге асырылады.

Салық төлеуші және үшінші тұлға кепілге қойған, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Салық төлеушілерге осы тектес жағдай туындаса берілген мүмкіндектерді пайдалануға кеңес береміз. Сұрақтар туындаған жағдайда Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Берешекпен жұмыс бөліміне 103 кабинетке келіп кеңес алуға болатынын ескертеміз.

Жорабек СУЮРБАЕВ,
Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары

БІЛЕКТЕГІ КҮШІМЕН ЖҮРЕКТЕГІ НАМЫСЫ ҰШТАСҚАН

Қазақ күресі – өр рух пен жүректілікті талап ететін ұлттық спорт түрі. Осы спорттан ел мерейін асқақтатып жүрген белді балуан, 2022 жылғы «Қазақстан барысы», «Сыр барысы», «Алтын белбеу» иегері Мақсат Исағабылов – ұлттық құндылықтарымыздың шын жанашыры. Осы орайда спортшының өміріндегі жаңалықтармен танысып, емен-жарқын сұхбат құрған болатынбыз.

– Алдымен бала Мақсат туралы айтып берсеңіз. Қазақша күрес емес, әуелде самбо, дзюдомен айналысқан екенсіз...

– Кішкентайымнан спортқа бейім болдым. Бала күнімде үлкен ареналарда өнер көрсететін Азия, Әлем, Олимпиада чемпиондарына, әлемнің мықты спортшыларына қызығатынмын. Сол спортқа құмарлығымды байқаған әкем Аманбай Нұржанов, жаттықтырушым Болатбек Кенеевке апарып, болашағыма үлкен сенім білдіріп, күрес үйірмесіне табыстады.

– «Қазақстан Барысы» атанған Мақсат қазір немен айналысып жүр?

– Қазір бұрынғыша спорт саласындамын. Қазақ еліне әліде көптеген жеңіс сыйласам деймін. Сыр еліне тағы бір мәрте «Қазақстан барысы», «Әлем барысы» белдіктерін тарту етсем деген ниет бар, Алла қаласа. Осы арман, тілектерімді орындағаннан кейін басқа саладағы жоспарларыма ауысуға болады.

– Қандай салада кәсіби біліміңіз бар? Болашақта сізді басқа саладан көре аламыз ба?

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі біліктілігін иелендім. Одан кейін осы оқу орнында заңгер мамандығында білім алдым. Әзірге қай салаға баратынымды белгісіз, барлығы уақыт еншісінде. Үлкен спортты аяқтағаннан кейін Сыр спортының дамуына өзіндік үлесімді қоссам деймін.

– Спортта қазіргі басты қарсыласыңыз кім?

– Қазіргі спортымыздың төңірегінде жүрген барлық спортшыларды қарымды қарсылас деп айта аламын. Себебі әр-қайсысының орны бір төбе, барлығы «сен тұр, мен атайын» дейтін балуандар. Соның ішінде мықты деп бөліп қарастыруға болатын балуандардың басым бөлігі Сыр елінен шыққан. Олар – достарым әрі қарсыластарым. Атап айтсам Еламан Ерғалиев, Нұрым Сәлімгереев, Айбек Серікбаев. Осы жігіттер байрақты бәсекелерде кемінде үштіктен көрінеді деп сенемін.

– «Мектеп бағдарламасына қазақша күресті қосу үшін әдістемесі әзірленуде» дейді мамандар. Жалпы облыстағы қазақ күресінің даму деңгейі көңіліңізден шыға ма?

– Қазақ күресі Астана қаласында бірнеше мектептің оқу бағдарламасына енгізілді. Бүгінде қазақ күресі ассосациясы мектеп бағдарламасына ұлттық ойындарды енгізу бойынша көптеген жұмыс атқарып жатыр. Алдағы уақытта барлық мектепте қазақ күресін арнайы пән ретінде бағдарламаға енгізу жоспарда бар. Қызылорда облысында да қазақ күресі жақсы дамып келеді. Жаттықтырушылар көптеп тартылып, жас-өспірім балуандарды баулу үстінде.

– Балуандарға көрсетілетін қолдау туралы не айтасыз?

– Спорт басқармасы ұлттық спортымызды дамыту жолында жұмыс жүргізуде. Оқу-жаттығу жиындарына, жарыстарға ерекше көңіл бөлінеді. Бірақ кей сәттерде облыста қазақ күресі балуандары көлеңкеде қалып кетіп жататын жайттар аз емес. Сол олқылықты жою үшін арнайы «қазақ күресі» клубтары ашылса деген тілек бар. Қазақ күресі – ұлттық құндылығымыз. Сол құндылығымызға көрсетілер қолдаудың артықшылығы жоқ.

– Сұхбатыңыз үшін рақмет!

Гран-при кезеңінде үш медаль жеңіп алды

Францияның Тье қаласында көркем гимнастикадан Гран-при кезеңі аяқталды.

Қазақстан гимнастика федерациясы мәлім еткеніндей, қазақстандық Айбота Ертайқызы аталған жарыста екі күміс, бір қола жүлдеге ие болды.

Қазақстандық гимнаст шығыршықпен жаттығудан 32,7 ұпай жинап, күміс медальға қол жеткізді. Сондай-ақ доппен жаттығудан (32,4 балл) үздік үштікті түйіндеді. Айбота сонымен қатар таспамен жаттығу финалында екінші орыннан көрінді.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын батуттық гимнастикадан Данил Мұсабаев олимпиада жолдамасына ие болды.

Шығыс Қазақстан волейболшылары жеңіске жетті

Өскеменде 21-27 наурыз аралығында волейболдан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Доп додасына 2009-2010 жылдары туған ұлдар мен 2007-2008 жылғы қыздар командалары қатысқан болатын. Аса тартысты өрбіген жарыс қорытындысы бойынша бұрымдылар арасындағы сайыста Шығыс Қазақстан облысының құрамасы топ жарса, екінші орынға Қостанай, үшінші орынға Павлодар облыстарының командалары ие болды.

Ал ұлдар бәсекесінде Жетісу облысының құрамасы тұғыр биігінен көрінсе, екінші орынға павлодарлық волейболшылар табан тіреді. Ал үздік үштікті Шығыс Қазақстан облысының командасы түйіндеді. Айта кетейік, дәл осы күндері Орал қаласында 2009-2010 жылдары туған қыздар арасындағы ел чемпионаты өткен болатын. 17 өңірдің командасы қатысқан турнирде спорттағы дарынды балаларға арналған Шығыс Қазақстан облыстық мектеп-интернаты-колледжінің командасы бірінші орынға ие болды.

Бакудегі турнир: үш спортшы топ жарды

Қазақстандық боксшылар Бакудегі (Әзербайжан) халықаралық турнирді үш алтынмен аяқтады.

Финалда бес қазақстандық боксшы айқасып, оның үшеуі алтын медаль жеңіп алды.

Талғат Сырымбетов (60 келі) әзербайжандық Азрак Бабыровты, Дархан Дүйсебай (71 келі) өзбекстандық Бекзод Хамидовты, Сағындық Тоғамбай (92 келі) олимпиада жүлдегері Альфонсо Домингестіні жеңді. 48 келідегі Теміртас Жүсіпов Хасан Маликовтен (Әзербайжан), Тимур Қабдешов (54 келі) өзбекстандық Хожаназар Нортожиевтен жеңілді. Бекзат Таңатардың (86 келі) еншісінде қола медаль бар.

«ҚАЙСАР»: КОМАНДА ЖАҢА ОЙЫНШЫЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Қызылордалық көрермендердің жанарын жаулаған Қайсарда биыл қандай жаңалық бар? Сыр еліндегі 60 жылға жуық тарихы бар футбол командасына жаңа маусымда кімдер қосылды?

Облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысында аймақтағы спорт саласына жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері талқыланып, проблемалық мәселелер мен «Қайсар» футбол клубының қаржылық жағдайы пысықталды. Бұл туралы облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Талдау нәтижесімен мамандардың жұмысқа орналасуына, спортшылардың іс-сапар шығындарының мақсатты жұмсалуына, спорт клубтарының жұмысын ұйымдастыруға қатысты бірқатар кемшіліктер анықталды.

Биылғы маусымда Сыр спортының жанкүйерлері Қайсардан жақсы жаңалықтар күтеді. Жергілікті футболды дамытуға жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Былтырдан бері команда жұмысын ұйымдастыруда бірінші кезекте бюджет қаражатын үнемдеу әрі сапаны арттыру міндеті қойылды.

Өткен жылы футбол клубына 1,2 млрд теңге қаралып, қайсарлықтар Премьер-лиганың турнирлік кестесінде 6-орынды иеленді. Бұл алдыңғы жылдарда бөлінген қаражатпен салыстырғанда біршама төмен, әйтсе де көрсетілген нәтижені мамандар да, жанкүйерлер де жақсы деп бағалады.

Бұған дейін 2018 жылы футбол клубына 3 млрд теңге, 2019 жылы 4,15 млрд теңге бөлінген.

Облыс әкімі «Қайсар» футбол командасының құрамында ойнайтын легионер ойыншылардың жалақысы жоғары екенін ескеріп, келесі жылдан бастап команда сапына жергілікті ойыншыларды тартуға және жас футболшылар клубын дамытуға күш жұмсалуы қажет екенін айтты.

Келесі жылы «Қайсарға» мүмкіндігінше жергілікті ойыншыларды тарту жолдарын қарастыру, жақсы нәтижелерге жету талабы қойылмақ.

Биыл құрама сапына жаңа ойыншылар алынды. Оның ішінде басым көпшілігі жерлестеріміз. Нақтырақ айтсақ, «Ордабасы» командасында ойнаған Думан Нәрзілдаев пен Айбар Жақсылықов «Қайсар» құрамында жасыл алаңға шығады. Сыр жанкүйерлеріне жақсы таныс Тоқтар Жанқылышбай, бірінші лиганың үздік шабуылшысы Марлен Айманов пен екінші лигада 44 гол соққан бомбардирі Ерсұлтан Төрекұл да жаңа маусымдағы ойыншылар тізімінде.

Айта кету керек, комиссия отырысында облыстағы спорт саласының дамуы туралы да айтылды. 2023 жылы 23 желтоқсанда облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы құрылды.

Өткен жылы атқарылған жұмыстардың арқасында өңір халқының 39%-ы бұқаралық спортпен айналысуға мүмкіндік алып, олардың саны 328597 (ауылдық жерде 192535) адамға жетті. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 12497 адамға артқан.

Өңірде спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 44%-ға өсті. Инфрақұрылымды одан әрі дамыту, халықтың дене шынықтыру және спортпен айналысуын ынталандыру үшін аймақта заманауи спорт нысандарының саны артып келеді.

Өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттен 5458,1 млн теңгеге 13 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп, 9 кешен қолданысқа берілді. Сол жағалаудан халықаралық талапқа сай келетін, жүзу бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, осы жылы үстел теннисі орталығының құрылысы басталды.

Сондай-ақ еуропалық стандарттарға сәйкес келетін, 10000 адамға арналған заманауи Орталық стадионның құрылысы жүргізілуде.

Спортшыларымыздың нәтижесі көңіл қуантарлық. Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командасына облыстан 552 спортшы енген.

«ҚАЙСАР» ФУТБОЛ КОМАНДАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Кезең	Қаралған қаржы	ҚР Премьер-лига
2014 ж.	1,38 млрд. тг	6 орын
2015 ж.	1,42 млрд. тг	12 орын
2016 ж.	541 млн. тг	Қатыспады
2017 ж.	2 млрд. тг	6 орын
2018 ж.	3 млрд. тг	5 орын
2019 ж.	4,15 млрд. тг	6 орын
2020 ж.	2,6 млрд. тг	7 орын
2021 ж.	1,6 млрд. тг	13 орын
2022 ж.	605 млн. тг	Қатыспады
2023 ж.	1,2 млрд. тг	6 орын
2024 ж.	1,2 млрд. тг	

Бетті әзірлеген Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

КИНОНЫҢ сәтті шығуына әсер ететін фактор – СЦЕНАРИЙ МЕН СЮЖЕТ

Басы 1-бетте

– Журналистердің жауапкершілік жүгін көтеретінін, кадр сыртындағы шығармашылық топтың көзге көрінбейтін елеулі еңбегін «Таңшолпан» телехикаясы тағы бір дәлелдеді. Айтыңызшы, мұның сценарийін жазарда қай детальге акцент қойдыңыз? Сондай-ақ жазу барысында өз болмысыңызға қарсы шығатын сәт бола ма?

– «Таңшолпан» – махаббатпен жазылған туындылардың бірі. Болмысыма қарсы келетін тұс болған жоқ, керісінше еркіндік басым болды. Сюжетті өзіміз қалағандай құрастырдық. Иә, сын-пікір де айтылды. Бірақ бұл – кино. Егер «Таңшолпан» бағдарламасы, сондағы адамдардың өмірін түсірсек деректі фильм болар еді. Ол кино болуы үшін, көрерменді еліту негізінде әртүрлі сюжеттерді ойлап таптық. Сериалды жазу барысында журналистиканың қай қырын терең көрсете аламыз деген сұрақ болды. Сондықтан әр бөлімінде журналистиканың кухнясын көрсетуге акцент қойдық.

Негізі сценарий жазуды созып жүре берсе 4-5 жыл уақыт кетеді. Кейде аз ғана мерзімде туындайтын идея да жоқ емес. Мәселен, «Таңшолпан» сериалының сценарийі 6 айда жазылды. Бұл өз уақытына тұрарлық туынды болды деп ойлаймын.

– Біразы продюсер көркемдік сапа мен қаражатты қадағалауға жауапты деп ойлайды. Сондықтан сериал таспалаудағы маманның маңызына тоқталсаңыз... Әсіресе өнім эфирге шыққаннан кейін көрерменнің сын-пікірін, салыстыруын қалай қабылдайсыз?

– Продюсер – жобаның анасы. Идеяның презентациясынан бастап эфирге шыққанға дейін басы-қасында болатын маман. «Қандай режиссер алынады?», «қандай команда жұмыс істейді?» сынды сұрақтарға жауап береді. Жоба шығынға батса да, табысқа жетсе де продюсердің мойнында. Менің тәжірибемде өнім эфирге шыққаннан кейін аса қатты сын айтылмаған. Аз қаралым болса да, көрген адамның бәрі жақсы пікірде. Өнім жасаудағы керемет сезім – көрерменнің берген бағасы мен пікір-ойы. Сондықтан әр сәт сайын көптің жазған пікірі мен әсерін оқып отырамыз.

– Қандай да бір фильм немесе сериал көргеннен кейін көрермен ретінде баға бересіз бе? Әлде сала маманы ретінде іштей саралайсыз ба? Жалпы жұрт байқай қоймаған әр кадр, әр сөзіне дейін мән беретін боларсыз…

– Бұл салаға келгеннен кейін киноны көрермен емес, маман ретінде көремін. Ең бірінші қандай кадр қолданған, сценарийде қандай шешімдер бар және қалай түсірілгенін, түсірілімде қандай қиындық болғанын елестетіп отырамын. Мәселен, жақында шыққан «Пейіш. Жұмақ ананың табанының астында» фильмін көрдім. Сонда түсінгенім, Қазақстанның өзінде кино түсіруге қиналамыз. Ал түсірілімді 7 мемлекетте ұйымдастыру зор еңбек. Мұның артында мықты продюсерлік команда жұмыс істегені байқалып тұр. «Томирис» фильмінде де көпшілік қанша адам қатысқанын көріп таңдануы мүмкін. Ал менің назарым аттарға түсті. Өйткені фильмде 500 ат түсірілсе, оның жем-шөбін, суын дайындап, қарау оңай емес. Демек мұнда да үлкен еңбек бар.

– Көбіне кино-фильм «Happy end» болып аяқталады. Көрермен де мұны топшылайтын тәрізді. Осы тұста шарықтау шегі мен шиеленіс шешімнің қандай болғаны маңызды?

– Әр фильмнің өз жанры болады. Соған сәйкес әртүрлі аяқталады. Киноның басы, шарықтау шегі, соңы жеке-жеке маңызды деген нәрсе жоқ. Сценарист үшін киноның әрбір деталі маңызды. Егер басынан динамиканы дұрыс ұстамаса көрермен фильмді әрі қарай көрмейді. Әсіресе сериалда. Яғни көрермен сериалдың бастапқы минутына мән береді. Демек кино тұтас сәтті шығуы тиіс. Әйтпесе көрермен келесі бөлімді көруге құлық танытпайды.

– Байқауымша, тарихқа қызығушылығыңыз жоғары. Демалуға қолайлы болмаса да Өзбекстан мен Үндістанға таңдауыңыз түсіпті. Сапарда сізді не таңғалдырды?

– Саяхатта ұстанатын қағидам бар. Әзірге жағажайда жататын пассив демалысты таңдай алмаймын. Әрқашан ақпаратқа, танымға көп қызығамын. Сондықтан рухани азық алатын мемлекеттерге баруды жөн санаймын. Түркі және Шығыс мәдениетін құрметтеймін.

Негізі үндістердің киносын көріп өскен адамдардың қатарынан емеспін. Мен үшін Үндістан – Тадж-Махалмен және шығыстық стильмен ассоциация. Тек шығыстық стильдің, сол атмосфераның фанатымын. Үндістан сонысымен қызық әрі көруге арман болды. Маған қатты ұнаған қала – Джайпур. Нағыз Индия. Атмосферасы ерекше. Өз әлемі бар қала. Барған соң білген факт – Үндістан өзі штатқа бөлінеді. Әр штат мүлде басқа мемлекет сияқты.

– «Теңіз түсті махаббатым». Айрықша атаумен жарық көретін ойларыңыз ерекше. Шынында махаббаттың өз бояуы болады. Ал табиғаттың бөлшегімен үйлестірудің сыры неде?

– «Теңіз түсті махаббатым» сөзінің авторы – Әсел Кәрібай. Ол туындысына осы атауды қойған екен. Дәл осы атаумен кино-сериал немесе кітап жазылса қалай болады деп, өзінен рұқсат алдым. Біраз уақыттан бері ойларымды жинақтап жазып жүрмін.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Замира ҚОНЫСЖАН

Әлемде көп тылсымның әлі күнге дейін сыры белгісіз. Соның бірі – адам миы. Қанша зерттеуге түссе де, бүгінге дейін шарықтау шегіне жетпеген. Ал мидың қалай жұмыс істеп, не нәрселерге пәрменді екені адамзаттың жұмбағы іспеттес. Мидың тағы бір толық зерттелмеген тұсы – санадан тыс әрекеттерге бейімділігі. Мұны қалыпты гипноз деп атаймыз. Адамды еркінен шектеп, біреуге бағынышты етуге қауқары бар бұл әдістің мән-мағынасына тереңінен көз жүгіртіп көрейік.

ГИПНОЗ: САНАНЫ ОҚУ СЫРЫ

Бұл термин психология саласының ең үздік жетістіктерінің бірі. Гипноз туралы зерттеу көп, тұжырымдама мен тәжірибелер де аз емес. Ғасырлар бойы зерттеудің бірнеше сатысынан өткен гипноз қолданыстан тысқары қалмаған. Сананы арбаудың бұл түрін XVIII ғасырда веналық атақты дәрігері А.Месмер ойлап тапқан. Ол мұны «Жануарлар магнетизмі» деп атады. Магнит өрістері арқылы пациенттеріне сеанстар жүргізіп, кейіннен бұл психология ғылымында гипнотерапия деген атауға ие болды. Адамзат көзбояушылық деп таныған ұғымға қызықпаған ғалым кем де кем.

Гипнозды кез келген адамға жасауға болмайды, бұл процесті де жоғары білімі бар білікті маман орындауы тиіс. Сондай-ақ қылмыстық тергеу кезінде, егер адамның психологиялық денсаулығы нашар болған жағдайда бұл әдісті қолдануға тыйым салынған. Көпшіліктің пікірі бойынша гипноздалған адам ойлана алмайды, алайда бұл жалған ақпар. Себебі адамның түйсігі болып жатқан оқиғаны саналы түрде қорыта алады. Бұл адам миының екі жарты шары бірдей жұмыс істеу арқылы сана мен түп сананың тоғысатын сәті деуге болады. Расында, біз күнделікті гипноздың құрбаны боламыз: БАҚ құралдары біздің назарымызды билеп алған. Теледидардан көрген жарнама, жұлдыздардың бейне баяндары және басқа да медиа өнімдер біздің санамызды саялағаны рас. Адам кітап оқып та, медитация жасап отырып та осы қалыпқа түскенін байқамай қалады.

ГИПНОЗ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Гипноз шығармашылық белсенділікті арттыруға қауқарлы. Себебі мұндай күйдегі адамның миы жоғары белсенділікке ие болады, сол арқылы адамның ойлау формалары жетіліп, мәселені шешуге машықтанады. Сонымен қатар есту, көру және сезіну іспеттес қабілеттерді дамыта алады. Ал егер жадыңыз өткен жайттарды ұмытқан болса, гипноз арқылы бұл олқылықтың орнын толтыруға мүмкіндік бар.

Бұл әдісті қолдана отырып ауырсынуды жеңуге болады. Яғни емнің бір түрі. Көптеген зерттеу нәтижесі гипноздың сырқат симптомдарын төмендетуге, созылмалы ауырсынуды жеңуге көмектесе алатынын көрсеткен. Сондай-ақ психологиялық тұрғыда өзін-өзі бақылауда ұстап, стресстен алшақ бола алады. Есте сақтау қабілеті нашар адамдар үшін де гипноздың берері мол.

Гипноз шылым тарту, артық тамақтану сияқты келеңсіз әдептерді жеңуге қауқарлы. Бір қызығы, 25% адам гипноздық қалыпқа түспейді, яғни оларға бұл техника әсер етпейді.

Ислам дінінде сиқыршылық, гипноз ауыр күнә деп есептеледі. Залалы зор ұғымдардың түбінде «адамды санасы мен еркінен тыс әрекеттерді жасауға мәжбүрлейді» деген түсінік бар. Бүгінде ғаламтор кеңістігінің тереңдігі теңдесіз. Бұрын құпия деп саналған гипноз техникасын қазір білмейтін адам жоқтың қасы. Сиқырдың тұзағына түсу деген пікірдің түбінде жат ағымның жетегінде кету деген үрейлі қорқыныш бар. Сондай-ақ сыған гипнозынан жапа шеккен жандарды да жиі кездестіреміз. Әңгімеге арбап, қалтаңыздағы қаражатты сыптай жоқ қылатын олардың айлаларынан абай болғаныңыз жөн.

Гипноз – медицина, психология, спорт және криминалистика іспеттес әртүрлі салаларда қолданылатын құбылыс. Қоғамдағы мифтерге қарамастан гипнотерапия әдістерін дамыта отыра зерттеу – болашақта үлкен жетістіктерге жеткізуі мүмкін.

Нұршат НЫШАНОВА

ПОПКОРН ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ҚАРАПАЙЫМ ДӘННЕН ТІЛ ҮЙІРЕР ТӘТТІГЕ ДЕЙІН

Попкорн – ерекше дәм мен жеңіл дайындалуы арқылы күллі әлемге танылған тағам. Жай ғана тіскебасар емес, қоғам арасында ойын-сауық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды, әсіресе кинода. Қытырлақ дыбысы мен хош иісі көрерменді жайлылық пен көңілді атмосфераға елітеді.

Жарылғыш тәттінің отаны – АҚШ. Деректердің бірінде Кристофер Колумбтың Американың шығыс жағалауындағы байырғы тұрғындардың дәнді тұтынып, безендіру ретінде пайдаланғанын көргені айтылады. Келесі дерекке сәйкес, Нью Мехико жеріне жақын Бет Кейв үңгірінен табылған попкорн собығының сақталғанына шамамен 5600 жыл болған. Перудегі археологтар 1000 жыл бұрынғы попкорнның дәндерін тапқан. Зерттеушілердің айтуынша, Мехикода өртелген өлік сүйегін салатын сауытта попкорн бейнеленген бас киім табылған.

Жарылғыш тіскебасардың кеңінен таралған кезеңі 1885 жыл. Себебі Чарльз Криторз попкорн шығаратын алғашқы жылжымалы машина – попперді ойлап тапты. 1925 жылы үйдегі поппер пайда болды. Сол кезден бастап американдықтар үйден шықпай-ақ, попкорн әзірлеуге мүмкіндік алды.

XIX ғасырдың аяғында попкорн рецепті жетілдірілді. Бүгінде ол әртүрлі дәмдеуіштермен дайындалады, олардың ішіндегі ең танымалы – карамель. Тәтті попкорн туралы нақты айтатын болсақ, оны алғаш рет XIX ғасырдың соңында Германиядан келген эмигрант Фридрих Рюкхайм ойлап тапқан. Бірде ол дәнді қайнатылған карамельмен араластырады. Ең қызығы тәттіге айналған тіскебасар әлі күнге дейін танымал. Тіпті АҚШ-та попкорнға арналған ерекше күн бар. Ол күн – 22 қаңтар.

Попкорн әзірлеуде дәндер жарылатынынан хабардармыз. «Неліктен?» деген сұрақ келеді. Попкорнның жарылу процесін оңай түсіндіруге болады. Дәндерде крахмал қосылған су тамшылары бар. Дәннің температурасы көтерілгенде, су сыртқы қабықты жарып жіберетін буға айналады. Астық, тиісінше, ашылады және бірнеше есе артады.

Отбасылық кеште де, мәдени ортада да қолдан түспейтін қытырлақ қажетті элементтер мен жеткілікті мөлшердегі калорияға бай. Бұл тағам В1 дәрумені арқасында тырнақтар мен шаштың күйіне пайдалы. Сонымен қатар зат алмасуды және жүрек пен қан тамырларының жұмысын қалыпқа келтіреді. Попкорн құрамындағы В2 дәрумені стресс пен депрессияға түспеу үшін өте қажет. Бұл осы жағдайларды жеңуге көмектеседі және тұтастай алғанда денеге пайдалы әсер етеді. Алайда зияны да бар екенін ұмытпаған абзал.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор: Әлия ТӘЖІБАЙ

Таралымы: 7089
Тапсырыс: 529